«Қатты қапаландым. Мен Ғаділге жаманшылық қана ойладым, емдеп жазайын деген ынта-жігерім де болмады. Оны өлтірмек болып қаншама рет оқталдым. Ал ол науқас болса да мені іздепті, келеді деп күтіпті. Ақыл-есі кем болса да мені сұрапты, жақын санап бауыр басыпты. Дәрігерін қорғанындай көріпті. Недеген жексұрын едім. Өзімді жанына жақын тұтқан адамды жек көріп, көзін құртуға дайындалып келдім. Өзімнің қылығымнан қатты ұялып, тағы да жиіркендім. Дәрі құйылған инені еденге лақтырып жіберіп, дәліздегі орындықтардың біріне отыра кеттім де, еңкілдеп жыладым. Неге жыладым, кеш түсіндім. Ол енді қайтіп келмек емес. Қай адамның да, қай жақынның да қадірін жоғалтқан соң түсінетініміз қандай қасірет десеңізші». Әріптестері оның жылағаның жақынынан айырылғандықтан деп түсінді, негізінде ол өзінің Ғаділді өлтірмек болған, жаман ойлары мен зұлымдығына өкінді. Өзің кінәлі санаған бас кейіпкерге бастығы «Кінәлі сен емес. Тағдыр». деп жұбатпақ болып айтқанына, бас кейіпкер «Ең жаман қасиетіміз, адамның ең жаман сылтауы тағдырға кінәні арта салу», – деп жауап беріп, әрі қарай әңгіме зұлымдық пен өмірдің сыры әділетсіздік туралы түсінік береді. Мәтіндегі бұл жолдарды психологизм деп қарастыруға болады. Психологизм – көркем шындық пен өмірдің шынайы бейнесінің түйісер тұсы, «көркем шығармадағы өмір шындығының кепілі – психология да, соны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық шығарма феномен – психологизм», сонымен қатар, кейіпкердің ойы мен іс-әрекетінің кереқарлығы, сана қақтығысынан тұратын ерекше көркемдік жүйе».

Оқиғаның шиеленісуі, бастығы бас кейіпкерге жүйке ауруына ұшыраған, екі күн бойы байсалды жиырма екі жастағы қыздың қалпында отыратын, үшінші күні төрт-бес жасар қыздың қылығын жасайтын бойжеткенді бақылауды тапсырады. Бір күні кітап сұраса, келесі күні балмұздақ әперуің сұрайтын қыздың жағдайы бас кейіпкерге жанашырлық пен мейірімділік қасиеттерін сездірді. Бір тұлғада үлкен қызбен кішкене қыздың өмір сүруі әңгіменің қиял-ғажайып тұсы секілді. Бірақ автор бас кейіпкердің жиырма екі жастағы қызбен диалогі арқылы қыздың бұл жағдайға қалай түскені туралы

«Қатты ұнатым. Он жеті жаста едім. Алғашында кездесуіміз тек сырласумен өтетін. Бір-бірімізге бар уақытымызды арнап, бақыттымыз деп қуанып, қаншама күндер өткіздік. Қысқасы оған қатты сендім. Кейінгі кездесулерде әңгіме де өзгерді, сезім де өзге нәрсеге айналды», – құрсағыңа нәресте біткенің білген жігіті «сенің оқуың бар», – деп сылтауратып кеткендігі, оған қарамастан қыз өзінің анасынан ерте айырылғандықтан сәбиін өмірге әкелгісі келіп, бірақ сең соғып, уайымға салынып жүргенінде ол баланың шетінеп кеткендігі баяндалады. Бас кейіпкер тыңдаған әңгімесін ой елегінен өткізіп, саралап «Кез келген қыз осы қыздың орнына өздерін қойып көрсе, қандай қиындықты, ауыр азапты сезінер еді. Жігіттер жағы ойға салып көрсе, қыздың ойын түсінсе, ешқашан ондай иттікке бармас па еді? Неге азапты қабырғадай майысқақ әлсіз қыз баласы көтеруі керек? Жігіт өзін не үшін күнәһар сезінбейді. Бәрінің алдында, ардың алдында неге тек қыз ұятты болуы керек? Ол сенді ғой, өмірін арнады. Аңқаулығы өзіңе сор болғаны ма? Әділетсіздік! Тағы да өмір заңы ма? Жоқ, әлділердің қолдан жасап алған «мықты» заңы. Жиіркенішті заңы», – деп ой түйеді. Бұл жерден біз кейіпкердің ішкі монологын көре аламыз. Көркем шығармадағы ішкі монологтың кейіпкер ойлауымен берілуі. Ішкі монолог – кейіпкердің ішкі ойы, өзіне өзі қарата айтылған арнауы. Көңіл-күй сырын білдіретін, эмоциялық әсерді байқататын көркемдік құралдардың бір түрі. Бас кейіпкер қыздың әңгімесінен кейін, ойлана келе жұмбақтың шешімін тапқандай болады. Бастығына барып «ғылыми тұжырымдарға да, ескілік ұғымдарына да сүйенбей, жұмбақ жауабын шешуге болады. Сәби іште үш айлығында шетінеген. Ал қызға айналасы үш-төрт жылдан кейін үрке қараған. Кішкене қыз қайдан пайда болды деп ойлайсыз, бәсеке? Ол әрине үш айлығында іште шетінеген қыздың жаны, рухы», – деп өз ойымен бөліседі. Бастығы бұл тұжырымдамасын ғылымға қалай дәлелдейтінің сұрағандықтан, медициналық журналдарды ақтара отырып ұйқыға кетеді. Осы кезде көзіңе бір адамның сұлбасы көрінеді, ол адам – Ғаділ екен. Әңгіме барысы бас кейіпкер мен аруақ болып көрінген Ғаділ арасындағы диалог арқылы әрі қарай өрбиді.

«Өмір бойы құмар ойнап өтесің бе?» – деген аруақтың сұрағы арқылы автор бас кейіпкердің «Құмар ойнайтын себебім, аруақ мырза, мен алдау мен арбаудың бұл дүниеде өлмейтініне және кез келген нәрседе барына толық көз жеткізгім келеді. Қоғам – алдаудан құралған мұнара. Мұнараның ішін қарасақ, жиіркеніштен шыдамай өлер едік. Билік халықты алдайды, халық өз-өзін алдайды, дін басылары халықты да, билікті де алдайды. Айналып соққанда бәріміз бір-бірімізді алдаймыз. Екі жүзділерміз. Билік байлыққа батады, халық кедейліктің азабымен күн көреді, дін басылар бұл өмірде көрген қиындықтарың көк әлемінде байлыққа айналып келеді дейді. Тұрмысын түзей алмаған халық өзінің билігінен несие алады, қарызға батады. Міне, алдау мен арбаудың басы ғана. Енді жалаңаяқ қалдырса халық қайтіп тарихы мен мәдениетін ойлап, руханиятын қалпына келтірмек? Қарыздан шығудың халық үшін бір жолы ғана қалады. Биліктің өзі рұқсат етіп оытқан құмарханаларға барып, ең соңғы ақшаларына бас тігеді...» – деген жауабымен қазіргі қоғамдағы жағдайды көрсетеді. Шығарманың бұл бөлігінде мен авторды жаңашыл-модернистік

сипаттағы жазушы ретінде көрдім. Модернизм – өз дәуірінің мәдени қажеттіліктерінен туған, болмысты көркем бейнелеудің дәстүрлі әдістерінен бас тартқан бағыттардың жалпылама шартты атауы [6]. Модернизм адамның болмысын, табиғатын, ішкі сезімдерін ирония, ойын, сана астарындағы құбылыстар арқылы көрсетеді. Модернистік шығармаларда жеке тұлға мағынасыз болмыс алдында өзінің әлсіз екендігін сезінеді. Модернизм белгілері – жазушының барынша еркін, ашық түрде өзін-өзі ашуы, көркем тілді қолынан келгенше жаңартуға, жаңаша түлетуге ұмтылысы, өзіне жақын нақтылықтан гөрі алыс тұрған универсалды, мәдени-тарихи дүниеге назар аударуы.

Шығарманың шарықтау шегі күтпеген оқиғамен аяқталады. Әңгіме барысындағы дәрігер бас кейіпкеріміз аурухананың палаталарының бірінде байлаулы күйде оянады. Бастығы деп жүрген өзінің дәрігері: «...Ақиқатына келгенде дәрігер де емессің, осы ауруханаға түскен науқастардың бірі ғанасың», – деп екпе жасайды. Көзінең жасы сорғалап, бастығының бір сөзіне сенбеген бас кейіпкердің ішкі ойымен шығарма аяқталады: «Мен кіммін? Қайдан келдім? Жақындарым қайда? Ғаділ мен күйзеліске түскен сұлу қайда? Кешегі аруақ ше? Бастығым қайда? Арада бірнеше күн өткен соң байлаудан босатты. Ауруханада ешкіммен сөйлеспей, көп уақыт үнсіз жаттым да, басымдағы оқиғаны қағазға түсірмекке ниеттендім. Мақсатым: бұл оқиғаны оқыған адам болса, сіз де бір сәтке болса да, өзіңіз жайлы ойланып көріңіз. Мүмкін айналадағы адамдардың барлығы сіздің қиялыңыздан жасалған шығар. Сүйгеніңіз де, достарыңыз да қиялыңыздың жемісі шығар. Мен әлі күнге дейін бұл шындыққа сенбеймін. Олар қайда? Мен шынымен ауру болған болсам, мені әкеліп тастаған жақындарым неге бір іздеп соқпайды. Тағдырға мойынсұнбасқа амал қалмағандай. Бойымда мидай араласып жатқан жақсы-жаман қасиеттерімнің бірі де жоқ секілді. Бұл уақытқа дейін қайда болдым, не істедім? Өткен өмірімнен тек ғана Әділ ақынның өлеңі есімде қалыпты.

*... Санама енді бұл да азық па екен,
Тағы аштым табыт. Бекеммін.
Ішінде өзім – гүл нәзік өлең,
Былдырлап жатыр екенмін...*

«Ең жаман қасиетіміз, адамның ең жаман сылтауы тағдырға кінәні арта салу» деген ойда болған, бас кейіпкердің шығарма сонында тағдырына мойынсұнбасқа амалы қалмағандығы әңгіменің бір ерекшелігі деп ойлаймын.

Белгілі жазушы, журналист, «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы Дәурен Қуат: »Тәңірімізге тәу ете сөйлейін, енді бірер жылда бұл есім қазақ әдебиетінің көгінде жұлдыздай жарқырайтын болады. Қазақ жазушыларын ғана емес, Батыс-Шығыстың үздік туындыларын тауысып оқып тастаған, ол қазақ әдебиетінің дәстүрлі мектебі қалыптасқан кеңістікте отырып-ақ жаңалыққа, жаңашылдыққа бет түзеп алыпты. Ал Әлихан Нұрбергенұлы туралы қысқа қайырып айтар болсақ, ол – Жүсіпбек Аймауытовтан басталған қазақтың көркем шығармасындағы психологизмді жаңа контексте дамытатын, орыстың

заңғар жазушысы Достоевскийдің биігіне алып баратын Төлен Әбдіктің «төл баласы». «Жан азасы» әңгімесі оқырманды ойдың қара тереңіне салып, «қамау теріңізді» алады. Автор өз ортасынан баяғыда ұзап кеткен. Жорытқанда жолы болсын!», – деп жазушының шығармашылығына өз бағасы мен батасын береді.

Қаламгердің «Алты құрлық» атты шығармасына ақын, әдебиеттанушы Айнұр Төлеу: «жазып жүрген жас қаламгерлер «ақылды кейіпкер» феноменінен арылса», – деген сын-пікірімен қатар, өз ұсынысын білдіреді: «Әлихан Жақсылыққа пьеса жазып көру керек. Себебі ол негізгі жүкті кейіпкерлер диалогына артып қояды екен. Ал проза кейіпкерлерді сөйлетіп, жазушыны жайына қалдырып қоятын жанр емес. Дегенмен, оқиғаны кейіпкер диалогымен жеткізуді кемшілік деп отырғаным жоқ. Бұл қайта артықшылық. Осы ерекшелікпен басқа жанрды да көрсе деген ұсыныс».

Қорыта келе, қай жазушы болмасын өзінің шығармасында оқырманға жаңаша бір ой айтуға тырысады. Жаңа ой – эксперимент. Эксперимент дегеніміздің өзі – жаңашылдыққа құштарлық. Көркемдік – жалғыз тіл ғана емес. Қазіргі таңда қазақ прозасының кеңістігі сан алуан ізденістерге толы. Әдебиеттегі дәстүрлі даңғылда емес, жаңаша сүрлеу, соны соқпақта жаңа ізденістермен эксперимент жасап жүрген жас жазушыларға аға буын тарапынан айтылар сын да жоқ емес. Жастар тілді білмейді, олардың ізденістері дәстүрлі әдебиетімізге қайшы деген пікірлердің жаңсақтығын, авторлардың шығармаларындағы қысқа да нұсқалық, қарапайым тілмен бейнелеу, оқырманды бірден оқиғаға тарту арқылы баурап алу, қызығушылығын арттыру модернистік поэтикаға тән сана ағымымен қатар келгенін де уақыт көрсетіп жатыр. Жазушы Жақсылық Әлихан шығармаларында модернистік поэтика стилі айқын көрінеді, қоғамдағы болып жатқан жағдайлар көркем суреттеледі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Жарылғапов Ж.Ж., Кенжекова М.Ж. Қазіргі қазақ прозасындағы қала бейнесі. URL: <http://rep.ksu.kz//handle/data/6127>.
- 2 Қазіргі балаларды Алпамыспен, Қобыландымен таңғалдыра алмайсың. URL: <https://aqtobegazeti.kz/?p=97355>.
- 3 Үздік жас қаламгерлер кімдер? <https://aqzhelken.kazgazeta.kz/news/34040>.
- 4 Жақсылық Ә. Алты құрлық. – Ақтөбе: «А-Полиграфия», 2019.
- 5 Ақтөбе жастары, Ақтөбе кітапханасы. 50 том, 2019.
- 6 Энциклопедический словарь по культурологии. – М.: Наука, 1997.

ҒТАМР 17.82.32

ҚАЗАҚ ЕРТЕГІЛЕРІНІҢ ТАНЫМДЫҚ, ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Д.Т. Уралбаева

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Мақалада қазақ ертегілерінің танымдық, тағылымдық мәнін қарастыру. Әдебиет сабақтарында ертегілерді оқыту арқылы оның тәрбиелік рөлі ашылады. Оның оқырманға беретін ерекше рухани күшінің ерекшелігі. Ертегілердің идеялық мазмұны, көркемдік ерекшелігі, халық ертегілерінің тәрбиелік мәні ашылады. Халық ертегілері әр адамның туған жеріне деген сүйіспеншілігін және патриоттық сезімін оятады, бұл қазіргі қоғамда миллиондаған халықтық еңбекқорлықты, достықты, толеранттылықты тәрбиелеуде маңызы зор.

Түйін сөздер: халық ауыз әдебиеті, ертегі, педагогика, тәрбие, таным.

Ауыз әдебиетінде ертеден қалыптасып, дамып келе жатқан ең көлемді, шытырман мен сиқырға толы саланың бірі қазақ ертегілері болып саналады. Қазақ ертегілері бабадан жеткен, тарихын жоғалтпаған асыл мұра десек болады. Ертегілер арқылы халық тарихының өткенін, наным-сенімдер мен салт-дәстүрлерінің бай қоймасын көрсететін құнды мұра.

Тәрбиелік маңызы зор жетекші компоненттердің бірі-ертегілер, эпостар, мақал-мәтелдер, ән өнері және қаһармандық эпос түрінде болатын ауызша халық шығармашылығы. Халықтық мәдениеттің бір түрі ретінде фольклор өзгеріссіз қалмайды: ол бұрын болған барлық құндылықтарды сіңіреді, халықпен бірге дамиды және жаңа әлеуметтік өзгерістерді көрсетеді. Фольклор әрдайым заманауи және ерекше, сондықтан ол өзінің тәрбиелік функциясын бүгінгі күнге дейін сақтап келеді.

М.О. Әуезов ертегі туралы былай деп сыр толғайды: «Табиғатты баурап, танып алғанша адам қиял мен танып, меңгеріп, оған өз ықпалын жүргізуді арман еткен. Ол ертегі, аңыз, әңгіме түрінде туып таралған... Ертегілерде қоғамдық тартыс та, күштілердің көпшілікке көрсеткен қиянаты, зорлық зомбылығы және халықтың арман, әділет туралы ұғым нанымды түгел жинақталған [1].

Баланың адамгершілік тәрбиесіндегі ертегінің рөлі өте үлкен. Ертегі-бұл халықтық педагогиканың құралы, ол адамдар ғылым туралы әлі білмеген кезде

пайда болды, бірақ содан кейін ертегілердің көмегімен балаларды адамгершілік нормаларына тәрбиелеу және оқыту пайда болды.

Ертегі белгілі бір дәрежеде баланың үш табиғи психологиялық қажеттілігін қанағаттандырады:

Тәуелсіздік қажеттілігі. Әр ертегіде кейіпкер өз күшіне сүйене отырып, өз бетінше әрекет етеді.

Күш, құдіреттілік қажеттілігі. Кейіпкер ең керемет кедергілерді жеңе алады, жеңімпаз болып шығады, жетістікке жетеді.

Белсенділік қажеттілігі. Батыр әрқашан әрекет етеді.

Ертегілер балаларды ерекше оқиғалар шеңберіне, олардың кейіпкерлерімен болып жатқан өзгерістерге енгізе отырып, терең моральдық идеяларды білдіреді. Олар адамдарға жақсы қарым-қатынасты үйретеді, жоғары сезімдер мен ұмтылыстарды көрсетеді.

Ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінде еңбекқорлық – жалқаулық, жақсылық – зұлымдық, батылдық-қорқақтық қарсы тұрады. Балалардың жанашырлығы әрқашан өзіне тән адамдарға тартылады: жауаптылық, еңбекке деген сүйіспеншілік, батылдық. Жақсылық жеңген кезде балалар қуанады, батырлар қиындықтарды жеңіп, бақытты айырбас болған кезде жеңіл күрсінеді.

Ертегінің танымдық мәні, ең алдымен, ол нақты өмір құбылыстарының ерекшеліктерін бейнелейтіндігінде және әлеуметтік қатынастардың тарихы, еңбек пен өмір туралы кең білім беретіндігінде, сондай-ақ халықтың дүниетанымы мен психологиясы, елдің табиғаты туралы түсінік беретіндігінде көрінеді. сюжеттер мен бейнелер кең теруді қамтиды, құбылыстарды, адамдардың өмірі мен кейіпкерлерін жалпылауды қамтиды.

Ертегі батылдыққа, мейірімділікке және басқа да жақсы адами қасиеттерге үйретеді, эстетикалық сезімді дамытады. Ол табиғаттағы және адамдағы сұлулықтың ашылуымен, эстетикалық және моральдық принциптердің бірлігімен, нақты және көркем әдебиеттің үйлесімімен, жарқын бейнелеуімен және экспрессивтілігімен сипатталады.

Әр халықтың өз ертегілері бар, олардың барлығы да ұрпақтан-ұрпаққа негізгі адамгершілік қасиеттерді: мейірімділік, достық, өзара көмек, еңбексүйгіштік қасиеттерін береді.

«Бұл халық педагогикасының алғашқы және тамаша талпыныстары» деп жазды К.Д. Ушинский, – және бұл жағдайда халықтың педагогикалық данышпанымен ешкім бәсекелесе алмайды деп ойлаймын. К.Д.Ушинский «...білім күшсіз болғысы келмесе, халықтық болуы керек» деп бекер айтпаған.

Олай болса, ауызша халық шығармашылығы шығармалары өз халқының салт-дәстүріне деген сүйіспеншілікті қалыптастырып қана қоймай, жеке тұлғаның патриоттық рухта дамуына ықпал етеді.

Ертегілердің танымдық-тағылымдық рөлі К.Ушинский Д.Макаренко, В.Сухомлинский еңбектерінде ерекше көрініс тапқан. Аса көрнекті педагог В.Сухомлинский өзінің педагогикалық қызметінің өн бойында мектеп оқушыларын тәрбиелеу және дамыту мәселелерімен шұғылданды. Ол

ертегілерсіз шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәнінде тәрбие жүзге аспайды деп санады.

Қазақ халық ертегілерінің кейіпкерлерімен танысу, ең алдымен, баланың сөздік қорын байытады, қазақ халқының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрыптарымен таныстырады.

Күнделікті тұрмыста қазақ халқы неше түрлі нәрселерді қабылдайды, соның бірі – халықтың жақсылыққа деген сенімі, бұл тағы бір ұлттық қасиет.

Қазақ жазушысы академик М. Әуезов қазақ фольклористерінің арасында алғашқылардың бірі болып ертегілерге былай деп анықтамасын берді: «Ертегі деп бояғы замандағы елдің дүниеге көзқарасын білдіретін, я сол көзқарастың белгілі ізін көрсететін онан соң, елдің белгілі санатын білдіретін арнаулы үлгі айтатын жамандықты жерлеп жақсылықты айтқан, ойдан шығарған көтерме әңгімені айтады. Мысалы, Қазақ халқының наным-сенімінде қарлығаш жайлылықты, үйді білдіреді, қазақта «Қарлығаш үй төбесінің астына ұя салса, бақыт осы үйге қонды» деген белгі бар. Қазақ халқының «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі бейбітшілік, жанашырлық, мейірімділік, нәзіктік, ашықтық, ақкөңілділік, шапшаңдық, мейірімділік сияқты ең жақсы рухани адами құндылықтарды ашуға бағытталған.

Қазақ халқының ертегілерімен бір емес, көп ұрпақ тәрбиеленді.

«Шық бермес Шығайбай» ертегісі сараң, қайырымсыз байларды қарапайым кедей Алдардың ақылмен алдап кетуін баяндайды.

«Жақсымен жолдас болсаң-жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң-қаларсың ұятқа», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» деген мақалды осы ертегі желісінен оқуға болады [3].

Бірқатар халық ертегілерінде біз белгілі бір педагогикалық ұғымдармен, тұжырымдармен, пайымдаулармен кездесеміз. Ең алдымен, халықтың білімге деген ұмтылысын атап өткен жөн. Ертегілерде кітаптар даналықтың қайнар көзі деген ой бар. Халық ертегілерінде адамға әсер етудің кейбір әдістері көрінеді, отбасылық тәрбиенің жалпы шарттары түсініледі, адамгершілік тәрбиесінің шамамен мазмұны анықталады.

Қазіргі педагогика бізге ертегінің үлкен қадір-қасиетін көрсетеді, өйткені оқушылар оқу процесінде бір немесе басқа кейіпкерді бейнелейді, оған деген жанашырлықтары мен ұнатпауларын көрсетеді, кедейлер мен езілгендердің жағына шығады, қиын уақытта көмекке келуге дайын. Балалар жақсылықтың, адалдық пен әділеттіліктің жеңетініне қуанады: қарапайым кедей адамдар қиын жағдайлардан шығады, ал зұлымдар жазаланады, яғни жақсылық жеңеді. Балалар өмірде әрқашан осылай болғанын қалайды.

Оқушылардың бағалау пікірлері ертегіні талдау процесінде дамиды, өйткені балалар үнемі «адамдарда не жоғары бағаланады? Қандай әрекеттер жазаланады, ал қайсысы көтермеленеді? Неліктен кейбір кейіпкерлерге табиғат күштері де көмектеседі, ал басқалары бұрылады?» Осы сұрақтарға жауап іздейді.

Ертегілер үлкен жағымды моральдық мәнге ие. Олардың күшті жағы-шындықтың салтанаты мен жеңіске бағытталуы.

Ертегінің сюжеті фантастикалық, өмірден алыс, бірақ сиқырлы патшалыққа ертегі кейіпкерлерімен бірге қызықтырады және тартады, талқылау мен сын тудырмайды, ең бастысы-қорытынды әрқашан бір: «ертегі-өтірік, бірақ онда тұспал бар!

Қазіргі уақытта ертегі жоғары деңгейде дамып келеді. Ол заманауи өмірдің ерекшеліктерін, «жамандықты жеңу», өзара көмек, патриотизм және т.б. ертегілерге негізделген ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін пайдаланады. Сиқыршылар, кейіпкерлер туралы ойдан шығарылған әңгімелер көптеген сұрақтарға жауап бере алады. Бала өз қателіктерінен емес, басқалардың тәжірибесінен үйреніп, болашақта бұл қателіктерге жол бермеуге тырысқан дұрыс екенін түсіне бастайды. Осыған байланысты ертегілердің кейіпкерлері үлкен рөл атқарады, олар әр іс-әрекет әрдайым жағымды емес, белгілі бір нәтижелерге әкелетінін үйретеді. Жұмбақтар, ғажайыптар мен сиқырға толы ертегі қиял әлемі әрқашан балаларға бағалауға, сүйікті кейіпкерінің жағында өнер көрсетуге, қиял әлемінде болып жатқан оқиғаларға белсенді қатысуға және сол әлемді өзгертуге мүмкіндік береді. Өздерін ертегі кейіпкерлерімен салыстыра отырып, мектеп оқушылары кейде өздерін немесе достарын таниды, адамдардың қарым-қатынасы мен әлем туралы білім алады, өмірде пайда болатын тосқауыл мен кедергілерді жеңуге үйренеді, одақтастар іздейді және бірлесіп әділеттілікке қол жеткізеді, жақсылық пен сүйіспеншіліктің күшіне сенеді.

Мұғалімнің сауатты көзқарасымен ертегімен жұмыс оқуға енгізілуі мүмкін, өйткені ол эмоционалды оң зарядты көтереді. Балаларға қосымша тапсырмалар беру керек: оларды ертегілермен, жұмбақтармен, мақал-мәтелдермен жұмыс істеуге тарту, кейіпкердің осы немесе басқа әрекетін бағалай білуге үйрету, ертегіні жалғастыру және т.б.

Ертегімен жұмыс істеу формалары әр түрлі болуы мүмкін, бірақ ең алдымен олар мақсатты сипатқа ие болуы керек. Жоғарыда айтылғандардың бәрінен олардың үлкен педагогикалық маңызы бар деген қорытынды жасауға болады, өйткені олар өмірдің адамгершілік принциптері туралы тұрақты идеяларды қалыптастырады, әдеби қабілеттердің дамуына ықпал етеді, әдебиетті оқуға деген ынтаны арттырады, адамдардың қарым-қатынасы, өмірде туындайтын проблемалар және оларды шешу жолдары туралы білім береді. Ертегілер оқушылардың сөйлеуін, ойлауын дамытады, олардың ішкі әлемін байытады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сауытбеков С. Ақазу арлан. – Көкшетау, 2003. – 110 б.
- 2 Қазақ ертегілері. Жазушы, 2001.
- 3 Қастай Д. Халық ертегілерінің тәрбиелік мәні, 2017.
- 4 <https://bilimainasy.kz/22-28-04-02/>.
- 5 <https://alashainasy-kz>.

ҒТАМР 17.71.91

ТАБИҒАТҚА ҚАТЫСТЫ ҚАЗАҚ ЖҰМБАҚТАРЫНЫҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Ж.Е. Мұратбекова

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Г.К. Кортабаева

Ф.ғ.к., доцент м.а., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Бұл мақалада қазақ тіліндегі «табиғатпен» байланысты жұмбақтардың этнолингвистикалық сипатының мысалдары қарастырылған. Жұмыстың мақсаты қазақ халқының мәдениетінің көрінісін айғақтайтын, ауыз әдебиетінің бір түрі болып табылатын жұмбақтардың, соның ішінде табиғатқа байланысты жұмбақтардың құрылымын, олардың этнолингвистикалық сипатын анықтау. Жұмбақтар халық ауыз-әдебиетінде өзгеше орны бар, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып халық өмірімен бірге дамып келе жатқан мұраның үлкен бір бұтағы. Жұмбақтың қайсысы болмасын негізгі ойды көркем бейне мен ұшқыр сөздер арқылы білдіреді.

Түйін сөздер: жұмбақ, этнолингвистика, метафора, табиғат, астронимдер.

Қазіргі тіл білімінде этномәдени тіл бірліктерін белгілі бір тақырыптар төңірегінде топтастыра отырып, оларды түрлі бағытта қарастыру кең үрдіс алып келеді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол өзінің кумулятивтік (сақтап – жеткізушілік) қасиетінің арқасында адам қолымен жасалған материалдық және рухани мәдениетті болашақ ұрпаққа жеткізуші құрал.

Тіл – мәдениеттің маңызды бөлігі екені белгілі. Тіл жеке индивидтерге этникалық, жастық, әлеуметтік топтарды құруға мүмкіндік береді. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, материалдық және рухани мәдениеті мен дүниетанымын тіл арқылы зерттеп сипаттау – қазіргі тіл білімінің жаңа бағыттары деп аталатын этнолингвистика, лингвомәдениеттану, лингвоелтану, когнитивтік лингвистика сияқты ғылым салаларының негізгі зерттеу объектісі болып отыр.

Этнолингвистика – бұл лингвистика мен этнологияның түйіскен жерінде орналасқан және сәйкесінше этникалық қарым-қатынаста тілді зерттейтін, аталған екі ғылымның терминологиялық аппараты мен әдістерін қолданатын білім саласы [1, 13 б.].

Этнолингвистиканың зерттеу объектісі – бұл тек тіл ғана емес, сонымен қатар ұжымдық сана, белгілі бір этникалық топта қалыптасқан «әлем бейнесі»,

халықтық менталитет, мәдениет, оның барлық түрлері, жанрлары мен формалары.

Халық ауыз әдебиетінің әртүрлі жанрларының, атап айтқанда мақал-мәтелдердің, жұмбақтар, ертегілер мен әндер халықтың әлеуметтік психологиялық өмірінің барлық аспектілерін поэтикалық түрде бейнелейді [2, 73 б.].

Осы тұрғыдан қарастырғанда, ата-бабаларымыздың ұлттық және рухани мәдениетінің айқын көрінісі, халқымыздың ауыз әдебиеті үлгілерінің бірі – жұмбақ жанрының қызметі орасан зор болған.

Қазақ тіліндегі жұмбақтардың қызметі мен оның әлеуметтік табиғатын, құрамын анықтау, сол арқылы жұмбақтардың қоғамдағы атқарар орны мен рөлін айқындау, этнолингвистикалық тұрғыдан зерделеу – арнайы зерттеуді қажет ететін күрделі тақырыптардың бірі.

Жалпы қазақ жұмбақтарының тарихына көз жүгіртсек, сонау XIII-XIV ғасырлар шамасында жарық көрген қыпшақтардың «Кодекс-куманикус» атты еңбегі құнды материал болып табылады. Хатқа түсірілген 47 жұмбақтың ішінен қазақ тілімізде бар «Көкше лағым көгенде семіреді», «Бұты, бұты ұзын, бұтынан да қолы ұзын» сияқтыларын кездестіреміз.

Егер қазақ жұмбақтарын зерттеу тарихы туралы айтатын болсақ, онда қазақ жұмбақтарының алғашқы үлгілерін жүйелі түрде жинауға, түзетуге, баспасөзде жариялауға үлкен үлес қосқан көрнекті орыс ғалымдары А. Люша, П. М. Мелиоранский, Э. А. Диваев және т.б. атауға болады.

Алтай фольклорын жинаушы атақты шығыстанушы академик В.В. Радлов болды. Ол 1860 жылдары Алтайды аралап, үлкен этнографиялық, статистикалық, экономикалық және фольклорлық материалдар жинады, олардың бір бөлігі «Образцы народной литературы тюркских племен Южной Сибири» атты алғашқы жинақта жарық көрді.

Қазақ халқының жұмбақтары жайында түрлі зерттеулер жүргізген басқа да ғалым-жазушылар қатарына М. Әуезов, Ә. Марғұлан, М. Әбжанов, Ж.Адамбаева, Н. Оңғарбаева, К. Шамшәдинді жатқызуға болады. Мысалы, М.Әбжанов жұмбақ жанрдың пайда болу тарихын, оның қалай дамығанын, дәстүрлі өзгерістерін, басқа әдеби жанрларға жататындығын, тақырыптық, мазмұнды және семантикалық топтарды және т.б. көрсетті.

М. Әуезов айтып өткендей: «Жалпы, жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады. Жұмбақ ақындықтың ұрығы – дәні тәрізді» [3, 4 б.].

«Жұмбақтың көп кездесетін тағы бір ерекшелігі–заты шағын нәрселерді қосарлап, парлап айту. Қол мен аяқ, қыс пен жаз, күн мен түн, күн мен ай деген сияқты» [4, 9 б.].

*Бір үйде қос сұлу қыз ағайынды,
Екеуі қызықтырған талайыңды.
Жүдемес төрт маусымда өңеймесе,
Тұрады нұрға малып маңайыңды.*

Бұл жерде ағайынды сұлу қыздар деп ай мен күнді бейнелеген. Осы сияқты тағы бір мысал:

*Алдымен қара тұлпар озық келер,
Арғымақ мойнын созып кейін келер.
Соңынан бос арғымақ басып озып,
Айналып бірін-бірі жүре берер.*

Көне заманнан бері қазақ халқының таным-түсінігінде төрт-түлік малдың алатын орны ерекше. Көшпелі халықтарда төрт-түлік малдың маңызы тек шаруашылық қатынастарда емес, сонымен қатар мәдениетіне де өзіндік ізін қалтырып, халықтың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарына да әсерін тигізген. Қазақ халқының наным-сенімдерінде сондай бір культтік мәнге ие болған малдың бірі – жылқы жануары. Ер қанаты болған бұл жануарға өзгеше философиялық және мәдени жүйе қалыптастырылып, аңыз-әңгімелерде, жырлар мен өлеңдерде, мақал-мәтелдерде тұлпар бейнесі талай сипатталған. Міне, алдыңғы берілген жұмбақта да қазақ халқының мәдениетіне сай өзіндік ерекшелігі бейнеленіп, бір-бірін озып жүрген арғымақтар деп түн мен күнді жұмбақтаған.

Қазақ жұмбақтарында, әсіресе табиғатты жұмбақтағанда, сөздерді ауыстырып, түспалдап айтады. Бұндай ауыстыруларға тірек болатын сөздер қатарына көбінде аспан әлемі, өсімдіктер, қоршаған ортамыздың сан-алуан құбылыстары арқау болған. Мысалы жылды бәйтерекке, ал оның жапырақтарын он екі айға теңеген. Сондай бір теңеу қолданылып, әсерленген мысалға:

*Дүниеде бір қарбыз бар солмайтұғын,
Жаз иіріп, қыста үсіп тоңбайтұғын.
Жаһанның жерін, суын, жәндіктерін,
Іші кең бәрін салса толмайтұғын.*

Жұмбақ мәтінінде алып қарбыз ретінде аспан мен көк әлемді әсерлеп бейнелеген. Бұндай теңеулер ойдың ұшқырлығын, аңғарымпаздықты көрсетеді.

*Алыстан көзді тартқан сұр тегене,
Кейде орта, кейде толы бір тегене.
Алдына ақын болсаң сала айтайын,
Тауып көр тапқыш болсаң бұл немене?*

деген жұмбақтың жауабы ай болады. Бұл жерде айды сұлу, жырақтан ғана көрінетін бір тегенеге теңеген. Кейде толы, кейде орта тегене деп айдың фазаларын сипаттаған. Сонымен қатар, табиғат құбылыстары, тау-тас, көл-су, аспан денелері жан беріліп, адам не жануар кейпінде бейнеленетін сәттер мол. Келесі мысалдан көріп отырғандай:

*Байладым бір қазыққа екі жылқы,
Жеті жігіт ала алмай болды күлкі.
Жетеуі бір қызбенен ғашық болып,
Ағарды қасіреттен сақал-мұрты.*

Жұмбақ жауабы: қазық – Темірқазық, екі жылқы – Ақбозат пен Көкбозат, жеті жігіт – Жетіқарақшы, ал қыз – Шолпан атты жұлдыздардың атауы. Бұл жұмбақ негізінен қазақ халқындағы көне миф негізінде пайда болған. Онда Жетіқарақшы деген баукеспе жеті ұры болып, қылмысы басынан асқаннан кейін аспанға қашқан. Темірқазыққа арқандаулы екі батырдың аттары – Ақбозат пен Көкбозат. Жеті ұры түнімен аттарды аңдып айналып жүргенде таң атқан. Ал Шолпан деген қыз – Жетіқарақшы ғашық болған қыз, ол аспандағы ең жарық жұлдыздардың бірі [3, 125 б.].

*Көк өгізім жүреген,
Мүйізін көкке тіреген.*

– сияқты жұмбақта белгілі бір халыққа тән реалияларды кездестіріп жатамыз. Ал реалиялар арқылы халық салт-дәстүрінің, тұрмысының ерекшелігін, көзқарасын, табиғи ортасы жайлы көптеген ақпарат ала аламыз. Бұл жерде көк өгіздің негізінде көне мифтік түсінік жатыр. Ерте заманда хақ тәңірінің әмірімен алдымен жер, содан кейін көк аспан жаратылды, жер мен көкті мүйізімен көтеріп тұрған бір алып көк өгіз бар, ол өзіндей бір алып балықтың үстінде тұрады деген сенім қалыптасқан. Көк өгіз шаршаған кезде жерді бір мүйізіне ауыстырғанда жер сілкіну болады, екі мүйізі сынса, ақыр заман болады деп айтылған [5].

Бірде жұмбақтарды шешу үшін көзге көрініп тұрған сипаттамасын оқып, қасиетін айту жеткіліксіз. Көптеген жағдайларда жұмбақтың шешуі абстракциялық логикамен, не болмаса сол халықтың мәдениетін терең білумен ғана табылады. Мысалы:

*Алтыс аттың етін жер,
Жілігін шақпай майын ішер. (Алты ай қыс).*

*Қара атым қалтырауық,
Қабырғасы жалтырауық. (Су).*

*Тақиям толған сөк,
Ерте тұрсам дым да жоқ. (Жұлдыз).*

Қорыта келгенде, жұмбақтарды қолдана отырып біз белгілі бір халықтың этникалық тобы, оның мәдениеті, дүниетанымы, дәстүрлері, әдет-ғұрыптары, сенімдері және т.б. туралы бай ақпаратты таба аламыз. Жұмбақты тарих пен қазіргі заманға, халық өміріне байланысты белгілі бір әлеуметтік құбылыс ретінде түсіну, өнер мен шынайы көркемдік шеберлік ескерткіш ретінде халықтың көркемдік мұрасының жалпы жүйесіндегі ғылыми, қоғамдық,

эстетикалық және тәрбиелік маңызын анықтайды. Ауыз әдебиетінің басқа түрлерімен салыстырғанда жұмбақтың ерекшелігі де сол – уақыт өте келе өсу, ұлғаю процесінде болады [6, 122 б.].

Ең алғашқы жұмбақ үлгілері халықтың тұрмыс-тіршілігінің ерекшеліктеріне, еңбек-кәсіп жайларына байланысты болып, ғасырдан-ғасырға халық өмірімен бірге жасасып отырған. Қазақ халқының көне заманнан пайда болып, бүгінгі күнге дейін өсіп, молайып келе жатқан жұмбақтарын тапқырлыққа, білімділікке баулитын, тәрбиелік маңызы зор, күнделікті өмірден орын алып отыратын халық шығармасы деп қараймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Перехвальская, Е. В. Этнолингвистика: учебник для академического бакалавриата. – М.: Издательство Юрайт, 2016. – 351 с.

2 Жусупова Д.Ы., Тилекова Н.Д. Фольклор – как литературный источник педагогических и психологических знаний // Международный научный журнал «Наука. Образование. Техника». – № 2, 2017.

3 Шамшәдин К. Қазақ жұмбағы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 272 б.

4 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. – Астана: «Фолиант», 2010. Т. 64: Жұмбақтар. – 432 б.

5 Қызырова Ә.М. Паремиялық бірліктер – жұмбақтардың әлемнің тілдік бейнесін образдау үдерісінде орындайтын қызметтері.

6 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті: оқу құралы. – Алматы: «Рауан» баспасы, 2013. – 456 б.

РАЗВИТИЕ УМЕНИЙ ЧТЕНИЯ У СТАРШЕКЛАСНИКОВ НА БАЗЕ ЭЛЕКТРОННЫХ ПЛАТФОРМ И РЕСУРСОВ

С.Б. Садвакасова

Учитель, Школа-гимназия №7 имени Г. Орманова, г. Астана

В настоящее время информационные технологии активно внедряются в процесс обучения. Применение учебных электронных платформ и ресурсов позволяет осуществить задуманное интереснее и с большей продуктивностью, что приносит, благоприятные результаты. Обучение с использованием учебных электронных платформ и ресурсов являются одними из самых значимых результатов в инновационной работе школ. Ресурсы Интернета являются необъятной базой для образования и самообразования. Для того чтобы ближе ознакомиться непосредственно с развитием умений чтения, мы рассмотрели влияние современных интернет-технологий (блог-технологии и вики-технологии) на развитие умений чтения.

Ключевые слова: чтение, интернет, навык.

Чтение входит в сферу коммуникативно-общественной деятельности людей и обеспечивает в ней письменную форму вербального общения «Человек – активный деятель в процессе познания действительности, отражения объективного мира, и активным является именно он, а не отдельные процессы познания, взятые сами по себе. Не познание познает, не мышление мыслит, не память запоминает и воспроизводит, а познает, мыслит, запоминает и воспроизводит сам человек, определенная личность» [1].

Например, Л.С. Выготский дал следующую характеристику процессу чтения: «Чтение – сложный процесс, в котором непосредственное участие принимают высшие психические функции в части мышления, и развитое и недоразвитое чтение имеют ближайшие причины в развитии ребенка..» [6].

Таким образом, опираясь на эти определения чтения, можно сделать вывод, что главное в этом процессе – это извлечение и понимание текстовой информации на основе ее восприятия и осмысления. При этом нужно уточнить, что в зависимости от ситуации полнота и точность извлечения информации будут различными.

Согласно С.К. Фоломкиной существуют следующие принципы, положенные в основу обучения чтению:

1) обучение чтению – это обучение речевой деятельности, т.е. коммуникации, а не только способ озвучивания текста;

2) обучение чтению должно строиться как познавательный процесс;

3) обучение чтению должно включать, наряду с рецептивной, и репродуктивную деятельность учащихся;

4) обучение чтению предполагает опору на овладение структурой языка.

Чтение тесным образом связано с другими видами речевой деятельности:

1. С письмом, поскольку и чтение, и письмо пользуются одной графической системой языка. При обучении иностранным языкам это необходимо учитывать и развивать эти виды речевой деятельности во взаимосвязи. И это особенно относится к начальному этапу.

2. Чтение связано с аудированием, так как в основе того и другого лежит перцептивно-мыслительная деятельность, связанная с восприятием, анализом и синтезом. При аудировании слушающий воспринимает звучащую речь, а читающий – написанную. При чтении, также как и при аудировании, имеет большое значение вероятное прогнозирование, которое может быть как на вербальном, так и на смысловом уровне.

3. Чтение так же связано с говорением. Громкое чтение (или чтение вслух) представляет собой «контролируемое говорение». Чтение про себя представляет собой внутреннее слушание и внутреннее проговаривание одновременно [3].

Таблица 1 – Виды чтения, встречающиеся в зарубежной и отечественной методике.

Параметры различения	Виды чтения			
По форме прочтения	Чтение про себя			
По использованию логических операции	Аналитическое чтение			
По глубине проникновения в содержание текста	Интенсивное чтение			
По целевым установкам	Изучающее чтение	Ознакомительное чтение	Просмотровое чтение	Поисковое чтение
По уровням понимания	Полное/детальное понимание	Общее/глобально		

Применение учебных электронных платформ и ресурсов на уроке иностранного языка имеет большое значение, так как они дают возможность выйти за пространственные и временные рамки, предоставляя возможность общения с реальными собеседниками.

Далее, давайте рассмотрим классификацию образовательных ресурсов по функциональному признаку, которые определяют их значение и место в процессе образования:

1) учебно-методические (методические пособия, рекомендации, указания для изучения данного курса, руководства к выполнению, различные

тематические планы конкретных уроков, изучение и раскрытие отдельных тем, сценарии образовательных мероприятий);

2) ресурсы, которые созданные детьми (Интернет-проекты и компьютерные программы);

3) программно-методические (учебные планы, рабочие программы образовательных дисциплин);

4) обучающие (учебники и учебные пособия в сети интернет, электронные учебные материалы);

5) информационные (общие информативные материалы об образовательных учреждениях).

Исходя из данной классификации, которая определяет значение и место электронных платформ и ресурсов в процессе обучения, является оптимальной с позиции определения целей и задач [2].

Использование учебных платформ и ресурсов на уроках иностранного языка имеет ряд преимуществ, например:

- самостоятельная работа, как на уроке, так и дома;
- наглядность изучаемого материала;
- мгновенный доступ к информации;
- развитие межкультурной компетенции;
- активизация познавательных навыков;
- отработка коммуникативных навыков;
- развитие самообразования;
- повышение мотивации в процессе обучения.

Также есть недостатки использования интернет-ресурсов на уроке иностранных языка, например:

Работа посредством электронных ресурсов и платформ даёт возможность учителю обращаться к увлекательным учебным материалам, статьям, рассказам, текстам, обогащая урок и делая урок ярким, наполняя красками.

Деятельность может осуществляться:

1) фронтально, т. е. знакомство с содержанием ресурсов, наблюдение за работой;

2) индивидуально, т. е. выполнение лабораторных и практических работ. Выполнение упражнений в индивидуальном темпе;

3) малые группы, т. е. выполнение группового задания посредством интернет-ресурсов [4].

Таблица 2. Описание электронных платформы и ресурсы, и их использование в учебном процессе.

Электронные платформы и ресурсы	Обоснование выбора
Использование презентаций	С помощью презентации можно вывести на экран электронного устройства заголовки темы текста, с помощью которого ученикам необходимо предположить, о чем будет идти речь в тексте.
Google classroom	Данный электронный ресурс дает возможность работать на всех этапах работы с текстом. На начальном этапе может помогать в прогнозировании. Учащимся предложено пройти по ссылке и заполнить Google таблицу слова ассоциирующимися с заголовком текста. Просмотр слов, которые могут вызвать затруднение в переводе.
British Council/ Learning English Teens	Данная электронная платформа обладает большим количеством аутентичных. Подборка текстов по уровням: Beginner, Intermediate, Advanced. До и после чтения можно выполнить на сайте задание на проверку понимания и увидеть ответы. Многие тексты основаны на заданиях для самых популярных экзаменов – Cambridge ESOL, TOEFL, IELTS и т.д.
Quizizz	<p>Интернет-ресурс позволяющий проверять знания учеников с помощью викторины, результаты которой преподаватель сразу видит в своем профиле. Викторины создаются и размещаются только на сайте Quizizz при регистрации аккаунта, при этом доступ к ним открыт и на самом сайте, и в приложении.</p> <p>Ученики могут проходить тесты индивидуально, приглашать в игру друзей и участвовать в групповых викторинах и заданиях прямо на уроке.</p> <p>Каждый видит на своем устройстве вопрос и варианты ответа. Отмазка «мне ничего не видно с последней парты» больше не работает.</p> <p>Сайт открывает массу дополнительных возможностей: создавать интерактивные презентации, выбирать викторины других пользователей и редактировать их по своему усмотрению, настраивать систему мотивации, отключать или включать музыкальное сопровождение.</p> <p>Учащиеся и коллеги могут писать комментарии по презентациям и тестам, что позволяет быстро собирать обратную связь и редактировать материал при необходимости.</p>
LearningApps.org	<p>Данная платформа предназначен для создания разного рода упражнений.</p> <p>В данном ресурсе имеется набор общедоступных интерактивных заданий, которые ежедневно пополняется новыми материалами, созданными преподавателями разных стран мира. Данный интернет-ресурс имеет такие возможности как:</p> <ul style="list-style-type: none"> – позволяет создать, используя шаблоны, более 20 видов игровых упражнений и онлайн-игр. – позволяет использовать чужие упражнения как шаблон для создания своих упражнений.

	<ul style="list-style-type: none">– интуитивно понятный интерфейс и простое создание упражнений.– полностью бесплатный.– позволяет делиться упражнениями: упражнения встраиваются в блог, можно поделиться ссылкой с учеником и распространить упражнение в социальных сетях, можно использовать QR Code. скачать упражнение в формате SCORM и вставить его в систему дистанционного обучения (например, Moodle).– Создавать классы и наблюдать, как ученики проходят упражнения.
--	----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------

Литература

- 1 Бабайлова А.Э. Текст как продукт, средство и объект коммуникации при обучении неродному языку. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1987. – 151 с.
- 2 Берман И.М. Методика обучения английскому языку. – М.: Высшая школа, 1970. – 232 с.
- 3 Гальскова Н.Д. Современная методика обучения иностранным языкам. – Москва: Аркти-Глосса, 2000. – 97 с.
- 4 Демьяненко М.Я. Основы общей методики обучения иностранным языкам: учеб. пособие. – М.: Дрофа, 2005. – 203 с.
- 5 Морозова Н.Г. О понимании текста на уроках иностранного языка. – М.: Литера, 2001. – 354 с.
- 6 Пассов Е.И. Упражнения как средства обучения. 1989.

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ЭКОНОМИКА**

СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА

SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ГТАМР 72.01.85

АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ САУДА ҰЙЫМЫНЫҢ ЕСЕБІН ЖҮРГІЗУДЕ МАҢЫЗЫ

А.М. Амирғазы

Магистрант, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

К.С. Байшоланова

Доцент, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қ.

Қазіргі әлемде бөлшек сауданың белсенді дамуы жүріп жатыр және бұл сауда ұйымдары арасындағы бәсекелестіктің артуына әкеледі. Бұл, өз кезегінде, бұл кәсіпорындарды өз қызметінің тиімділігін арттыруға мәжбүр етеді, бұл көп мөлшерде ақпаратты жедел өңдеу үшін қолданылатын бағдарламалық өнімдердің мүмкіндіктеріне байланысты. Сауда кәсіпорындарының талаптарын арттыру мүмкіндіктері кеңейтілген жаңа мамандандырылған бағдарламалық өнімдердің пайда болуын ынталандырады. Бұл мақала қазіргі таңда жалпы сату есептерін жүргізу мен талдаудың әртүрлі жүйелеріне шолу жасап, маңызын қарастыратын болады.

Түйін сөздер: автоматтандыру, сауда есептер, сауда ұйымы, платформа.

Ақпараттық жүйе бизнесті дамыту аясында стратегиялық басқару шешімдерінің де, олардың жеке жобаларының да тиімділігін уақтылы бағалауға мүмкіндік беретін құрал болып табылады. Жүйелерді тартылған ресурстарды тиімді жұмсау кепілі ретінде қарастыруға болады. Сауда ұйымдарының автоматтандырылған жүйесі қазіргі таңда тұрақты табысының негізіне айналып отыр. Автоматтандырылған жүйеге ұмтылу кез келген ұйымның негізгі идеясы болып табылады. Сауда орындарының орталықтандырылған жүйесі өз қажеттілігін әлі де қанағаттандыра қоймады. Сондықтан елдің бастапқы даму бөлшектерінің бірі сауда айналымана жүргізілген зерттеулер жұмысы өте өзекті болып отыр.

Электрондық коммерция платформалары әртүрлі компанияларға жаһандық нарықтарға шығу үшін сату платформасын ұсынады. Электрондық коммерция платформасы мен электрондық коммерция платформасы арқылы онлайн сатуды жүзеге асыратын компаниялар арасындағы қарым-қатынас бірнеше қиындықтарды тудырады. Сатушылар арасындағы бәсекелестік және электрондық коммерция платформасы менеджерлерінің үйлестіру күш-жігері әртүрлі баға белгілеуге, қызмет көрсету деңгейіне және комиссия шешімдеріне әкеледі сатушылар арасындағы бәсекелестік электрондық коммерция

платформасына пайда әкеледі және сатушылар өз операцияларын үйлестіре алса, олардың кірістерін арттыра алады [1].

Қазіргі кәсіпорын ақпаратындағы ERP жүйесіішкі бизнес-процестерді оңтайландыруға, өндіріс шығындарын азайтуға және инвесторлар үшін кәсіпорындардың тартымдылығын арттыруға мүмкіндік берді. Бұл бәсекелестіктегі табыстың маңызды құрамдас бөлігі және мемлекеттің негізгі секторына инвестиция тартудың маңызды шарты. ERP жүйелерінің негізгі мақсаты – жоспарлаудың өзара байланысты процестерін автоматтандыру, бухгалтерлік есеп және компанияның негізгі бағыттарын басқару. ERP жүйелері болып табылады. Автоматтандырылған бизнес ресурстарын оңтайлы бөлуді, тауарлар мен қызметтерді тұтынушыға жылдам және тиімді жеткізуді қамтамасыз етуді қамтитын күрделі мәселелерді тиімді шешетін жүйелер [2].

Келісім-шарттар, түбіртектер және сияқты құжаттар сату шот-фактуралар кәсіпкерлік ұйымдардың әртүрлі функцияларымен жасалған операциялардың дәлелі болып табылады. Кейбір ұйымдардың транзакциялардың қағаз негізіндегі дәлелдемелерін цифрландыру бастамалары болғанымен, олардың бизнес-процестері қағаз іздерін толығымен жоймайды. Ұйымдар әдетте іскерлік құжат транзакцияларын сканерлейді, цифрланған құжаттарды қолмен жіктейді және цифрланған құжаттарды дерекқорды басқарудағы цифрлық жазбалармен байланыстырады. Зерттеу баламалы құжатты цифрлау және кескінді жақсарту мүмкіндігінің қалай біріктірілгенін көрсетеді. Цифрланған құжаттарды автоматты түрде жіктеуді және нақты дерекқор жазбаларымен байланыстыруды жеңілдету. Кескінді қию және сұр түсті реңкті өңдеу кескінді жақсарту әдістерін қолдану өріс белгілерін шығаруда орта есеппен 90% сенімділік деңгейіне және іскери құжаттардағы өріс мәндерін шығаруда 91,5% сенімділік деңгейіне қол жеткізуге ықпал етті [3].

Көптеген сауда ұйымдары әртүрлі қиындықтарға тап болады. Көбіне есеп жүргізу оны талдау кез келген ұйым үшін ең маңызды қызмет болып табылады. Сол үшін ең негізгі тиімділікті осы ортаға қолдану қажет. Алай да жүйелердің әртүрлігі бірден бір мәселелердің бірі. Өйткені ақпараттың көптігі маңызды ақпаратты меңгеру қабілетінен адастыруы мүмкін.

Барлық сауда ұйымдары белгілі бір дәрежеде бәсекеге қабілетті болады, сондықтан өмір сүру үшін компания қызметінің мақсаты пайданы барынша арттыру болып табылады. Басқаша айтқанда, экономикалық тұрғыдан алғанда, оның мақсаты шығындарды азайту кезінде инвестициядан барынша пайда алуға тырысатын шығындар мен пайдалардың ұтымдылығымен реттеледі. Қазіргі бизнестің дамуы, жаһандану және экономиканың табиғи динамикасы бюджетті тиімді орындау мен пайдалануды қажет етті. Бюджет – бұл белгілі бір кезеңге дейін дайындалған және қабылданған ақшалай түрдегі сандық жоспар, әдетте қол жеткізуге болатын жоспарланған кіріс мөлшерін және осы кезең ішінде жұмсалатын шығындарды және қажетті капиталды көрсетеді мақсатқа жету үшін [4].

Тағы бір проблема – біздің елімізде қабылданған салықтық тәсілден есептілікте көрсетілген шығындарды ескере отырып, өзіндік құнды

қалыптастыруға көшу. Бүкіл әлемде сыртқы пайдаланушылар басқарушылық шешімдер қабылдайтын қаржылық есептілікте салық салынатын базаны есептеу кезінде ескерілетін бөлігі туралы емес, өнімді өндіруге және өткізуге байланысты шығындар туралы толық ақпарат болуы тиіс деп танылады. Бұл шығындардың толық мөлшерін кірістермен салыстыру, олардың тиімділігі анықталады. Сондықтан алынған қаржылық нәтиженің сапасын бағалау активтердің тәуекел санаттары бойынша талдау нәтижелеріне негізделуі керек. Жоғары тәуекел активтерінің үлесі неғұрлым жоғары болса, пайданың сапасы соғұрлым төмен болады [6].

Дұрыс құралды таңдау – бұл қосымшалардың әрқайсысы не істейтінін, олардың қалай жұмыс істейтінін және сіздің нақты жағдайыңызға сәйкес келетіндігін түсіну.

QuickBooks – шағын бизнес бухгалтериясына арналған бағдарламалық жасақтама индустриясының шыңы. Ондаған жылдар бойы бұл салада басым болды, дегенмен соңғы жылдары бәсекелестердің ағымы байқала бастады [7].

Xero – шағын бизнеске арналған бағдарламалық жасақтама пакеті. Алдыңғы *Xero* қосымшасынан айырмашылығы, жалақыға салық салу құралдары жоқ, барлық 50 мемлекет үшін қол жетімді. *Find & Recode* құралы *Advisor* деңгейіндегі пайдаланушыларға бірнеше транзакцияларды бір уақытта өзгертуге мүмкіндік береді, осылайша мұндай өзгертулер енгізу уақытын едәуір қысқартады [8].

FreshBooks және *FreshBooks Classic* – жеке кәсіпкерлер мен микробизнеске арналған. Платформа мұндай кәсіпорындар үшін, әсіресе шот-фактуралар үшін жақсы жұмыс істейді, бірақ ірі кәсіпорындарға қажет мүмкіндіктер жоқ. Бағдарламада бухгалтерлік есептің негізгі міндеттерін автоматтандыруға көмектесетін бірнеше шағын құралдар бар, мысалы белгілі бір күннен кейін төленбеген шоттар үшін автоматты еске салғыштарды орнатуға болады [9].

Scale Factor – нақты уақыт режимінде қаржылық деректерді өңдеу және жіктеу, транзакцияларды *Xero* немесе *QuickBooks*-ке түрлендіру және есептерді автоматты түрде жеткізу арқылы күрделі бухгалтерлік есептерді автоматтандырады [10].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Hasiloglu M., Kaya O. An analysis of price, service and commission rate decisions in online sales made through E-commerce platforms 2021. *Computers and Industrial Engineering* 162, 107688.

Сравнительный анализ динамических рядов помогает выявить основные причины изменений и отклонений фактической ликвидности от нормативной, вскрыть резервы снижения операционных расходов и повышения доходности банка. Интерес для практической деятельности и управления банком имеет не только внутрибанковский сравнительный анализ, его систематизированных показателей, но и сопоставление важнейших показателей доходности, рисков, надежности и ликвидности с данными других банков. Подобный метод межбанковского сравнительного анализа используют, как правило, банки-корреспонденты, потенциальные клиенты, а также пайщики банка для оценки результативности банковского менеджмента.

С целью выявления количественной взаимосвязи между различными статьями, разделами или группами статей баланса широко используется метод коэффициентов. Для полноты анализа при этом могут приниматься во

внимание и данные аналитического учета. Методы коэффициентов нужны для контроля уровня ликвидности коммерческих банков со стороны НБ РК.

При анализе следует учитывать, что содержание годового баланса отличается от баланса, составляемого ежемесячно, так как при составлении годового баланса сверяются все расчеты с дебиторами и кредиторами, принимаются меры к взысканию дебиторской задолженности и погашению кредиторской, проводится инвентаризация ценностей, документов, основных средств, малоценного и быстроизнашивающегося инвентаря, материалов; принимаются меры к завершению операций, сроки выполнения которых истекли.

В результате этих мероприятий данные бухгалтерского учета будут отражать фактическое состояние ценностей, расчетов, документов и т.п. Однако многие операции, относящиеся к оканчивающемуся году, не могут быть отражены в учете. Поэтому прибегают к заключительным оборотам по счетам бухгалтерского учета, относящимся к истекшему году, но производимым в начале нового года (они являются продолжением оборотов за 31 декабря). Продолжительность периода заключительных оборотов определяется в зависимости от сроков централизованных перечислений и сроков составления годового отчета. Во время заключительных оборотов отдельно учитывают обороты прошлого и нового года. Следовательно, тенденции внутри года необходимо рассматривать по данным месячных балансов, а сравнение за два и более лет – по данным годовых балансов с заключительными оборотами.

Принципы, схема построения, основные разделы баланса коммерческого банка.

Баланс – это соотношение взаимно связанных показателей какой-либо деятельности. Деятельность коммерческих банков представляет собой совокупность пассивных операций, посредством которых образуются банковские ресурсы, и активных операций по использованию этих ресурсов с целью получения доходов.

Баланс коммерческого банка – это бухгалтерский баланс, в котором отражается состояние собственных и привлеченных средств банка и их размещение в кредитные и другие активные операции. По данным баланса осуществляется контроль за формированием и размещением денежных ресурсов, состоянием кредитных, расчетных, кассовых и других банковских операций, включая операции с ценными бумагами.

Балансы коммерческих банков являются главной частью их отчетности. Их анализ позволяет контролировать ликвидность банков, совершенствовать управление банковской деятельностью. Руководство банков, используя отчеты других банков, знакомится с состоянием дел в них при установлении корреспондентских отношений, предоставлении кредитов и т.п.

Балансы банков строятся по унифицированной форме в соответствии с Планом счетов бухгалтерского учета в банке, который утверждается Национальным Банком РК. Степень детализации операций ограничена коммерческой тайной, характерной для практики коммерческих банков,

работающих в условиях конкуренции. Обычно в балансах не выделяются сомнительные и убыточные операции, страховые резервы, используемые для покрытия этих операций. Одновременно должна быть обеспечена достоверность и наглядность баланса, с тем, чтобы не подорвать конкурентоспособность банков и доверие к ним.

Банковские балансы относятся к средствам коммерческой информации: они отвечают ее основным требованиям (оперативность, конкретность, солидность).

Оперативность банковского баланса проявляется в его ежедневном составлении, которое в значительной степени гарантирует правильность и достоверность бухгалтерского учета.

Банковский баланс является источником конкретной информации о наличии денежных средств и платежеспособности его клиентов, кредитных ресурсах и их размещении, надежности и устойчивости самого банка. Банковский учет отвечает требованиям достоверности (солидности).

Бухгалтерский баланс – это группировка хозяйственных средств и источников их образования в денежном выражении на определенную дату. В балансовом отчете коммерческого банка активы и пассивы группируются по содержанию и располагаются в соответствии с общепринятым в мировой практике главным принципом его построения: статьи по активу расположены в соответствии с последовательным уменьшением их ликвидности (возможности быстрого превращения в форму наличных денежных средств), а статьи по пассиву – с уменьшением востребования средств, то есть по порядку очередности выполнения обязательств банка. Подобный принцип построения баланса обеспечивает большую аналитичность информационной базы.

Существующие объективные различия в содержании операций Национального Банка РК и кредитных организаций, а также расширение информационных потребностей НБ в целях выполнения им экономических, регулирующих и надзорных функций сделали введение новых механизмов бухгалтерского учета неизбежным и необходимым.

При формировании Плана счетов в кредитных организациях Казахстана принимались во внимание изменения, имевшие место в последние годы в основах экономической системы, в принципах организации экономических отношений, расширение функций и увеличение числа проводимых банками операций.

План счетов бухгалтерского учета разработан на основе Гражданского Кодекса РК, законов РК «О Национальном Банке РК», «О банках и банковской деятельности» и других законодательных актов. План счетов построен с соблюдением требований международных организаций в области учета и финансовой статистики, основных принципов учета по международным стандартам, таких как непрерывность деятельности кредитных организаций, постоянство методов учета, преемственность входящего баланса, приоритет содержания над формой, отдельное отражение активов и пассивов, открытость учета, консолидация и др.

Непрерывность деятельности предполагает, что банк будет работать в перспективе, осуществляя свою деятельность непрерывно. Постоянство правил бухгалтерского учета заключается в том, что кредитная организация должна руководствоваться одними и теми же правилами бухгалтерского учета, кроме случаев существенных перемен в своей деятельности или правовом механизме.

Принцип осторожности выражается в оценке и отражении в учете активов и пассивов, доходов и расходов разумно, с достаточной степенью осторожности, чтобы не переносить уже существующие, потенциально угрожающие финансовому положению кредитной организации риски на следующие периоды.

Отражение доходов и расходов по кассовому методу – этот принцип означает, что доходы расходы относятся на счета по их учету после фактического получения доходов и совершения расходов. Операции отражаются в бухгалтерском учете в день их совершения (поступления документов). Раздельное отражение активов и пассивов – в соответствии с этим принципом счета активов и пассивов оцениваются отдельно и отражаются в развернутом виде.

Преимственность входящего баланса означает, что остатки на балансовых и внебалансовых счетах на начало текущего отчетного периода должны соответствовать остаткам на конец предшествующего периода. Принцип приоритета содержания над формой – операции отражаются в соответствии с их экономической сущностью, а не с их юридической формой.

Единица измерения – активы и пассивы учитываются по их первоначальной стоимости на момент приобретения или возникновения (первоначальная стоимость не изменяется до момента их списания, реализации или выкупа).

Однако активы и обязательства в иностранной валюте, драгоценные металлы и природные драгоценные камни должны переоцениваться по мере изменения валютного курса и цены металла.

Принцип открытости выражает достоверность отражения операций кредитной организации. По этому принципу отчеты должны быть понятными информированному пользователю и избегать двусмысленности в отражении позиции кредитной организации.

Консолидация предполагает получение консолидированной отчетности банка, включение в нее данных о деятельности всех его филиалов и представительств.

План счетов для кредитных организаций разработан с учетом накопленного опыта деятельности банковской системы в нашей стране, сложившейся практики банковского учета в зарубежных странах. При этом имеется в виду, что бухгалтерский учет должен в полной мере использоваться для принятия управленческих решений, способствовать получению прибыли, сокращению финансовой и статистической отчетности.

Новый действующий План счетов состоит из двух частей – Плана счетов учреждений НБ РК и Плана счетов кредитных организаций.

В свою очередь счета сгруппированы в семь разделов (в старом Плане счетов – 25 разделов) по принципу экономически однородного содержания и ликвидности:

раздел первый: «Капитал и фонды» включает уставный капитал кредитных организаций по собственникам долей (акций), добавочный капитал по источникам его формирования и средства других фондов, образуемых из различных источников;

раздел второй: «Денежные средства и драгоценные металлы» предназначены для учета наличия и движения наличных денежных средств в национальной и иностранной валюте и платежных документов в иностранной валюте, а также драгоценных металлов и природных драгоценных камней;

раздел третий: «Межбанковские операции» учитываются корреспондентские отношения кредитной организации, движения обязательных резервов, расчеты с филиалами, расчеты по ценным бумагам. Отражается учет полученных кредитов, средств, привлеченных в депозиты и иных привлеченных средств;

раздел четвертый: «Операции с клиентами». В этом разделе учитываются все пассивные и активные операции с клиентами кроме межбанковских операций: средства на счетах, депозиты и прочие привлеченные средства, кредиты предоставленные и прочие размещенные средства, срочные сделки;

раздел пятый: «Операции с ценными бумагами». В разделе отражаются вложения в акции, учтенные векселя, выпущенные банком ценные бумаги;

раздел шестой: «Средства и имущество» включает в себя участие, расчеты с дебиторами и кредиторами, учитывает основные средства, малоценные и быстроизнашивающиеся предметы и их износ, а также нематериальные активы;

раздел седьмой: «Результаты деятельности». В разделе определены счета для учета финансовых результатов от деятельности кредитных организаций (доходы, расходы, прибыль, убытки, использование прибыли), расходы на содержание банковского аппарата, штрафы, пени, неустойки.

Вывод: баланс – это соотношение взаимно связанных показателей какой-либо деятельности. Деятельность коммерческих банков представляет собой совокупность пассивных операций, посредством которых образуются банковские ресурсы, и активных операций по использованию этих ресурсов с целью получения доходов.

Банковский баланс является основным источником информации для экономического анализа. Он комплексно характеризует деятельность банка. Анализ баланса позволяет определить состояние ликвидности, доходности, а также степени риска при проведении отдельных банковских операций. Благодаря информации, извлеченной из баланса, можно выявить источник собственных и привлеченных средств, структуру их размещения на определенную дату или за определенный период.

Литература

1. О приведении банковского регулирования в соответствие со стандартами Базельского комитета по банковскому надзору (Базель III) в условиях нестабильной экономической ситуации: монография / коллектив авторов; под ред. И.В. Ларионовой. – М.: КНОРУС, 2018. – 190 с.
2. Айтбаева У.Б., Ахметова К.К. Банковское дело: зарубежный опыт и казахстанская практика. – Алматы: ЗАО «Высшая школа банковского дела», 2004. – 785 с.
3. Официальный сайт НБРК. URL: <https://www.nationalbank.kz/kz>.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҒЫЛЫМДАРЫ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ
AGRICULTURAL SCIENCE

ҒТАМР 65.33.03

ҚАРАҚҰМЫҚ ҰНЫНАН НАН ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Н.Б. Батырбаева

Phd-доктор, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

А.Ж. Рустемова

Т.ғ.м., Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

Халықтың денсаулығын жақсарту үшін емдік-профилактикалық мақсатта ақуызды қоспалы нан өнімдерін пайдалана отырып нан өндірісін арттыру қажет. Нан-тоқаш өнімдерімен халықты тұрақты және жеткілікті түрде қамтамасыз ету аса маңызды міндеттердің бірі. Нан пісіру өнеркәсібінің табысты жұмыс істеуі мен дамуы, сонымен қатар ол қолжетімді бағадағы жоғары сапалы, кең ассортименттегі өнімдермен қажеттіліктерін қанағаттандыра білу керек.

Түйін сөздер: қарақұмық ұны, қарақұмық жармасы, нан, гликемиялық индекс, газ түзу қабілеті.

Қазіргі уақытта қарақұмық дәнін өндірудің өсуіне байланысты оның едәуір бөлігі өнеркәсіптік ауқымда ұнға өңделеді. Қарақұмық ұны қоңыр ұн деп аталатын термиялық өңдеуге (буға пісіруге) ұшыраған жармалардан да, қыздырылмаған (буланбаған) қарақұмықтан да (жасыл ұн) өндіріледі.

Сондықтан нанның тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру мақсатында қарақұмық ұнын пайдалану ғылыми зерттеулердің өзекті мәселесі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты – енгізілген қарақұмық ұнының бидай нанының сапасына әсерін зерттеу.

Қарақұмық жармасының (ұнтақсыз ядросы) химиялық құрамы бай және алуан түрлі. Оның құрамында: β -каротин, В, А, Е, Н және РР топтарының дәрумендері, сонымен қатар адам ағзасына қажетті минералдар: калий, магний, мырыш, селен, мыс, марганец, темір, йод және т.б. [1].

Қарақұмық (ядро) құрамында оңай сіңетін ақуыздың көп мөлшері бар, қан түзілуіне ықпал етеді және қандағы гемоглобин деңгейінің төмендеуіне пайдалы. Қарақұмық бауыр мен бүйрек ауруларында, атеросклерозда және ісіну үрдісінде қолдануға ұсынылады. Қарақұмықты (ұнтақсыз ядро) пайдалану организмнің әртүрлі инфекцияларға төзімділігін арттырады, қандағы

холестерин деңгейін төмендетеді. Қарақұмықты гастрит және асқазан-ішек жолдарының басқа да бұзылулары үшін пайдалануға рұқсат етіледі.

Қарақұмық жармасының құрамында глютеннің болмауы, сіңуі қиын көмірсулардың болуы, аминқышқылдарының тепе-теңдігі және жақсы сіңімділігі қарақұмық пен ұнды құнды диеталық өнімге айналдырады [2].

Қарақұмық ұнының энергетикалық құндылығы 353 ккал құрайды, қоректік заттардың құрамы бойынша 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Химиялық құрамы мен тағамдық құндылығы.

Қоректік заттар	Мөлшері
Коллориялығы	353 ккал
Ақуыз	12,8 г
Май	1,5 г
Көмірсулар	72,2 г
Тағамдық талшықтар	2,9 г
Дәрумендік құрамы, мг	
В1, тиамин	0,4
В2, рибофлавин	0,18
В4, холин	54,2
Микро және макроэлементтер құрамы бойынша, мг	
Fe темір	4
K калий	130
Ca кальций	41,5
Mg магний	46

Қарақұмық ұнының ең оңтайлы дозасын таңдау және оның бидай нанының сапасына әсерін анықтау үшін 3 тәжірибелік үлгілер алынды. Бидай ұнының орнына 5,10 және 20% қарақұмық ұны қосылды. Бақылау ретінде жоғары сортты бидай ұнынан жасалған нанының үлгісін қолдандық.

Өздеріңіз білетіндей, дайын нан өнімдерінің сапасы қамырдың ашыту микрофлорасының өмірлік белсенділігіне және ашыту процесінің белсенділігіне байланысты. Сондықтан қарақұмық ұнының қамырдағы көмірқышқыл газының жиналуына әсері зерттелді. Бидай ұнындағы ашытқымен ашытылған қанттың мөлшері дәннің құрамына, ұнның түріне байланысты және құрғақ затта (ҚЗ) 0,7 – 2,0% аралығында болады.

Жоғары сортты бидай ұнынан дайындалған бақылау үлгісінің газ түзу қабілеті төмен 1300 см³ СО₂-ден аз болды, бұл одан әрі қамырды дайындау процесіне кері әсерін тигізді: дайын өнімдердің көлемі азайып, кеуектілігі біркелкі емес болды. Қамырға 5% қарақұмық ұнын қосу қамырдың ашыту процесіне аз әсер етті [3].

Алайда, нан және ұннан жасалған кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған шикізат ретінде қарақұмық ұнының әртүрлі түрлерінің технологиялық артықшылықтары мен тағамдық құндылығы жеткілікті зерттелмеген. Көптеген авторлардың пікірінше, қарақұмық ұнының диеталық қасиеттерін, атап айтқанда қарақұмықтың диабетке қарсы қасиеттерін де растау қажет.

Теңгерімсіз тамақтану және қоршаған ортаның жағымсыз өзгерістері адамның барлық ауруларының қаупін арттырды: атеросклероз, жүрек-тамыр аурулары, қант диабеті және т.б.

Құрамында көмірсулар бар, жарма өнімдерін қамтитын өнімдердің, диеталық қасиеттерін бағалаудың негізгі критерийі белгілі бір өнімді жеу кезінде қандағы қант деңгейінің жоғарылауы, инсулиннің бөлінуін көрсететін гликемиялық индекс демек, қарапайым көмірсулардың сіңу жылдамдығы. Соңғы жылдары диетологтар қант диабетімен ауыратын адамдарға (екі түрі де) ғана емес, сонымен қатар салмағын бақылайтын және дені сау болғысы келетін барлық халық топтарының өкілдері үшін гликемиялық индекс (GI) бақылауды ұсынды.

Гликемиялық индекс 100 – балдық шкаламен өлшенеді. Сәйкесінше, көмірсусыз өнімнің гликемиялық индексі 0 бірлік болады. Ал, жарма өнімдерінде: қарақұмық – 52, күріш – 55 болса, ол орташа көрсеткіш, бидай нанында 62-70 жоғары бірлікті көрсетеді, GI көп болуы өнімнің құрамындағы көмірсу мөлшері жоғары дегенді білдіреді. Төмен гликемиялық индексі бар тағамдар тойымдылықтың ұзаққа созылатын күйін әкеледі, тәбетті төмендетеді және артық тамақтанудың мүмкіндігін азайтады [4].

Сондықтан бүгінгі таңда адамға денсаулық пен белсенді өмір салтын сақтай алатын биологиялық белсенді қосылыстардың кең спектрі бар профилактикалық өнімдерді жасау және өндіріске енгізу ерекше маңызға ие.

Қарақұмық ұнын нанның тағамдық құндылығын арттыратын қоспа ретінде пайдалану қарастырылуда. Нан өнімдері халықтың ең көп тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бірі болғандықтан, бүгінгі таңда наубайхана өндірісін ассортиментті кеңейтпей елестету мүмкін емес, оған соңғы технологияларды ғана емес, сонымен қатар ұнның дәстүрлі емес түрлерін енгізу арқылы қол жеткізуге болады.

Ашытқы жасушаларының белсенділігін арттыратын минералдар мен моносахаридтердің есебінен 10 және 20% мөлшерінде қарақұмық ұны қосылған №2 және №3 үлгілер жақсы газ түзу қабілетімен ерекшеленді, пісіру барысында соңғы екі үлгінің наны да барлық параметрлер бойынша жақсы нәтижені көрсетті. Енгізілген қоспа мөлшерінің одан әрі артуы қамыр ашыту қарқындылығының төмендеуіне әкелді, бұл қышқылдықтың жоғарылауымен және ашытқы жасушасының өмірлік процестерінің баяулауымен түсіндіріледі.

Қазіргі таңда дәстүрлі емес өнімдерді нан-тоқаш өндірісі де пайдалануға байланысты, ғылыми зерттеу жұмыстары көп жүргізілуде.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Сайтова М.Э. Использование гречневой муки при производстве функциональных продуктов МГУПП. Хлебопродукты. №12, 2017. – С. 38-39.

2 Гусева Т.И., Гулова Т.И., Лаврова Л.Ю. Использование гречневой муки в качестве добавки, повышающей пищевую ценность хлеба. Хлебопродукты. 2018. № 2. – С. 46-47.

3 Аникина В.А. Использование гречневой муки для производства функционального пищевого продукта. Образование и наука. Материалы ННПК. Сборник научных трудов. Улан-Удэ, 2021. – С. 5-9.

4. Чиркова И.А. Использование гречневой муки в технологии мучных кондитерских изделий. – Сб. материалов науч.-практ. конф. «Инновационные технологии в общественном питании» – М.: МГУПП, 2015. – Ч. III. – С. 228-235.

ҒТАМР 65.35.03

ҰНДЫ КОНДИТЕР ӨНІМДЕРІН АЛУДА СҰЛЫ ҰНЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Н.Б. Батырбаева, Д.Б. Абдраимова

PhD-доктор, қауым.профессор, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

С.Ғ. Қалдыбаева

Магистрант, Алматы технологиялық университеті, Алматы қ.

Мақалада тамақтана отырып денсаулыққа әсер ету үрдісі күннен-күнге оң бағыт алып келеді, салауатты тамақтануға деген қызығушылықтың артуына байланысты функционалдық тағамдарға сұраныс артуда. Биологиялық белсенді заттардың жаңа көздерін іздеу соңғы ондаған жылдар бойы жалғасын табуда. Осыған байланысты, тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру үшін сұлы өнімдерін пайдалану өте перспективалы бағыт деп есептеуге болады.

Түйін сөздер: сұлы ұны, сұлы үлпегі, клетчатка, сұлы печеньесі, рецепт.

Сұлы өнімінің ең пайдалы құрамдас бөлігі сұлыдан жасалған ұн мен үлпек болып саналады. Бұл өнімдерде көптеген ақуыздар, В, Е, РР дәрумендері, каротин, аминқышқылдары, талшықтар және өсімдік майлары бар. Ылғалдың массалық үлесі 12,5 % құрайды.

Сұлының ерекше қасиеті – крахмалдың аз мөлшерінде ақуыздық заттар мен майдың көп мөлшерде болуы. Сұлы ұнында түрлі инфекциялар мен қоршаған ортаның ықпалдарына адам ағзасының қарсыласуын жоғарылататын заттар – табиғи антиоксиданттар жеткілікті мөлшерде болады. Сұлы май мөлшері бойынша көбірек жүгеріге (5%-ға жуық), ал ақуыздық заттар мөлшері бойынша бидайға (19%-ға жуық) келеді. Сұлының аминқышқылды құрамы бұлшық ет ақуызына жақын, сондықтан осы өнім құнды өнім болып табылады. Сұлы құрамында жеңіл сіңірілетін көмірсутегілер бар және ағзаның жағымды эмоцияларға жауап беретін серотонин деп аталатын гормонын бөліп шығаруға мүмкіндік береді. Сұлы жармасында сүйек жүйесінің қалыпты қалыптасуы мен дамуы үшін қажетті фосфор мен кальцийдің, сондай-ақ анемияның алдын алатын темірдің көп мөлшері бар.

Сұлы – денсаулық пен сұлулықтың ғасырлық құпияларын сақтаған асыл өнім екендігі жасыратын жайт емес [1].

Өнімнің химиялық құрамы да әртүрлі: жүрек пен бұлшық ет жүйесінің жұмысына қажетті магний, калий, мырыш, темір, фосфор және кальций бар. Бұл компоненттер ағзаға жақсы және тез сіңеді, бұл ересектерге де, балаларға

да керемет пайда әкеледі. Ежелгі заманнан бері сұлы құрамындағы талшық асқазанды тазарту, токсиндерді кетіру және ішектерді ынталандыру құралы ретінде қолданылған. Сұлы ұнындағы кейбір заттар холестерин мен қандағы қант деңгейін қалыпқа келтіреді, бұл қант диабетімен ауыратын адамдар үшін өте маңызды.

Бидай ұнын консистенциясы мен сапасы ұқсас нәрсемен алмастырғыңыз келсе, ондай кезде сұлы ұнына ауыстыруға болады. Сондай-ақ қант диабетімен ауыратындарға және глютенді тұтыну деңгейін төмендетуге тырысатын адамдарға ұсынылады, өйткені ол іс жүзінде оның құрамында жоқ.

Сұлы майы диеталық және құрамы бойынша керемет. Оның құрамында дәрумендердің, микро және макро элементтердің көп мөлшері бар, бұл оны ас қорыту жолының ең жақсы көмекшісі етеді [2].

Диетологтардың пікірі бойынша, сұлы – біздің денсаулығымызға ең пайдалы дәндердің бірі болып табылады. Ол май алмасуын реттейді, шлактардан тазартады және қанның құрамындағы қант мөлшерін төмендетеді. Денсаулықты тиісті деңгейде ұстау үшін диетолог-мамандар клетчатканы қолдануды көбейткен дұрыс деп санайды.

Сұлының ерекше қасиеті – сұлының құрамында клетчатка еритін және ерімейтін бірден екі түрде кездеседі. Ерімейтін клетчатка асқазан микрофлорасын қалыпқа келтіреді және шлактарды шығара отырып асқазанға бірқилы скраб ретінде әсер етеді. Еритін клетчатка, бета-глюкан, қанның құрамындағы қант мөлшерін төмендететіндігімен жақсы танымал. Сұлы клетчаткасының негізгі артықшылығы – ол глюкоза деңгейін төмендетіп инсулинге деген қажеттілікті азайтып, сонымен қатар асқазан сөлінің секрециясын төмендететінінде тұжырымдалады [3].

Сұлы печеньесі – сұлы ұнына негізделген кондитерлік өнім. Өнімнің атауы негізгі ингредиенттен шыққан, тағамдық құндылығы мен колория мөлшері 1-кестеде, дәрумендер мен минералдар құрамы 2-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. Сұлы ұнының тағамдық құндылығы мен колория мөлшері.

Тағамдық құндылығы	Колориялығы 100 гр өнімге
ақуыздар %	6-10
майлар %	5-6
көмірсулар %	58-60
талшықтар	4,5
су	9,0 грамм
колориялығы	340-350

Рецептура бойынша, сұлы печеньесіне жұмыртқа, қант, сұлы ұны, маргарин және басқа қоспалар кіреді. Көбінесе пісіру кезінде қамырға негізгі салмадан басқа какао, бал және ванилин қосылады. Егер печенье коммерциялық жолмен өндірілсе, әртүрлі тағам қоспалары, бояғыштар, консерванттар, хош иістер, эмульгаторлар пайдаланылады.

Сұлы печеньеесінің калория мөлшері печеньеенің басқа түрлерінің калориясынан төмен. Бірақ сұлы жармасы өзінің керемет дәмі мен хош иісінен басқа, адам денсаулығына да айтарлықтай пайдасы бар. Бұл, әрине оны шексіз мөлшерде жеуге болады дегенді білдірмейді. Атап айтқанда, бұл ереже пісірілген өнімдердің кез келген түріне және кез келген кондитерлік тәттілерге қатысты. Бәрімізге белгілі ұнды кондитер өнімдерінің құрамында көп мөлшерде май мен көмірсулардың болғандығымен қатар жоғарғы колариялығымен де ерекшеленеді.

Кесте 2. Сұлы ұнының дәрумендік және минералдық құрамы.

Дәрумендер	100 гр өнімдегі мөлшері, мг	Тәуліктік қажеттілік, %
В1 тиамин	0,35	23,0
В2 рибофлавин	0,1	6,0
Е токоферол	1,5	15,0
В3 ниацин (РР)	4,3	22,0
К	275,0	10,0
Са	55,0	6,0
Mg	105,0	26,0
Р	340,0	34,0
Na	20,0	2,0
Fe	3,5	25,0

Диетологтардың айтуынша, сұлы печеньеесінің бірнеше бөлігі тағамдық қасиеттері бойынша сұлы жармасының бір порциясын толығымен ауыстырады.

Қазіргі уақытта сұлыдан жасалған печеньеелердің түрлері өте көп: сұлы жармасы қосылып дайындалған, жаңғақ, мейіз, шоколад, айран қосылып дайындалған және т.б. түрлері көп кездеседі, 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3. Сұлы өнімі қосылған өнімдердің көрсеткіштері.

Өнімдер	Ақуыздар, гр	Көмірсулар, гр	Майлар, гр
диеталық	3,5	32,35	3,5-5,5
айранмен	4,5	22-25	2-2,5
шоколад қосылған	5,1	58-60	17-20
жаңғақтармен	6,0	65-68	15-18
жармамен	6,8	58-60	17-20
мейізбен	6,9	55-58	12-15

Қорытындылай келе, күнделікті тамақ рационымызда көкөністер, жеміс-жидектер, дәнді дақылдар, бұршақ дақылдарымен қоса жаңа өңделген тағамдарды негіз етуіміз керек. Өйткені, өнімнің пайдалылығы оның қосымша ингредиенттерге, компоненттерге деген сұранысымызды қанағаттандырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Ермекбаев С.Б., Мұстахимова Ф.Ж. Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. – 2017. – Т.1, Ч.2. – С. 264-266.
- 2 Изтаев Ә.І. Ұн өндірісінің технологиясы: оқулық. – Алматы: 2015. – 408 б.
- 3 ГОСТ 3034-2021 Крупа овсяная. Технические условия.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 27.21.21

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (МАТЕМАТИКА КУРСЫ МЫСАЛЫНДА)

К.И. Усманов

Ф.-м.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

А.С. Шәкім

Магистрант, Қожа Ахмет Яссауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Заманауи цифрлық технологиялардың дамыған дәуірінде мектептегі оқулықтарға қосымша цифрлық білім беру ресурстарын ұдайы қолдануға дағдыландыру, қазіргі озық білім беру технологияларын пайдалануға ынталандыру кең етек алуда.

Бұл мақалада орта мектеп геометриясын оқытуда компьютерлік ресурстарды қолданудың ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі таңда компьютердің көмегімен ақпаратты әр түрлі формада елестетуге және сол арқылы оқу процесін тиімді етуге болады.

Түйін сөздер: геометрияны оқыту, компьютерлік ресурс, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, компьютерлік бағдарлама, электрондық оқыту құралдары, GeoGebra, Maple.

Ғылыми зерттеу жұмысында жалпы білім беретін мектептердегі геометрияны оқытудың қазіргі жағдайына талдау жүргізілді. Зерттеулер нәтижесінде, мектептерде екі түрлі баспаның оқулықтарын қолданылатындығы және олардың әрқайсысының өзіндік педагогикалық құндылығы, дәлелдемелерінің, ерекшеліктерінің бар екендігі айқындалды. Пән барысында компьютердің артықшылықтары мен мүмкіндіктері сараланды. Оқушының сабаққа қызығушылығы артып, ынтасы ашылатыны белгілі болды. Компьютер оқушының ойлау қабілетін, оқу сапасын, пәнді қабылдауын жақсартатыны байқалды. Компьютерді қолдану барысында оқушы сабаққа белсенді ат салысатыны, өтілетін тақырыптың өзекті мәселелеріне зейін қойып қарайтыны, ақпаратты пайдалану мүмкіндіктері кеңейетіні анықталды. Зерттеу кезінде оқытудың дәстүрлі әдістерін қолдануға қарағанда, компьютерлік бағдарламаларды қолдану білім беру жүйесіне жағымды әсер ететіні айқындалды.

Компьютерлік ресурстарды қолдана отырып білім беру Қазақстанның қазіргі білім жүйесіне елеулі өзгерістер енгізе бастады және әртүрлі әдістердің дамуына ықпал етуде. Шынында да қазіргі кездегі негізгі мәселелердің бірі – білім беру жүйесін жоғары деңгейге көтеру болып табылады.

Жалпы білім беру жүйесін ақпараттандыру мен компьютерлендіру мәселесі Б.С. Гершунский [1], А.П. Ершов [2], Л.Ю. Монахова [3], И.В. Роберт [4] және басқалардың еңбектерінде қарастырылған.

Ж.А. Қараев оқытуда компьютерлік технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру [5], А.Ә. Шәріпбаев компьютерлердің бағдарламалық және ақпараттық құралдарының дұрыстығын дәлелдеу [6], С.М. Кеңесбаев болашақ мамандардың жаңа ақпараттық технологияларды пайдалана білу мәселелерін [7], М.Ф. Баймұхамедов [8], Р.И.Қадірбаева [9] білім беру жүйесін ақпараттандыруда ақпараттық-коммуникациялық пәндік орта мәселелерін қарастырған.

Ж. Еркишеваның жұмысында геометрияны ақпараттық технологиямен оқытудың мүмкіндіктерін қарастырған [10].

Maria Arvanitaki & Nicholas Zaranis зерттеулерінде ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) оқушылардың қатты денелердің торларына қатысты геометриядағы жетістіктерін жақсартуға көмектесетінін зерттеген [11].

Сонымен жоғарыда көрсетілген әртүрлі кезеңдерде геометрияны оқыту мен оның білім беру жүйесіндегі орны жайлы түрлі пікірлер айтылды. Жалпы мектеп геометриясы тек математикалық пән ғана емес, сонымен қатар адамзаттық мәдениеттің бір бөлігі. Мектептегі математика курсында геометрия пәнін оқытуға айтарлықтай орын берген. Қазіргі білім беру бағдарламасы геометрияның білім мазмұнында және оны оқытуда белгілі бір жаңалықтар ендірі. Геометрияны меңгеру – ойлауға тәрбиелейтін пән ретінде мектептен кейін де жалғасуы керек.

Жұмыстың негізгі мақсаты қазіргі кездегі мектептегі оқулықтарға қосымша цифрлық білім беру ресурстарын ұдайы қолдануға дағдыландыру, қазіргі озық білім беру технологияларын пайдалануға ынталандыру.

Жұмыстың негізгі міндеттері геометрия сабақтарында цифрлық білім беру ресурстарын қолдану. Сабақ барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыру болып табылады.

Орта мектеп геометриясын оқытуда компьютерлік ресурстарды қолданудың ерекшеліктерін анықтау және оларды білім беру жүйесіне ендіруді бағалау мақсатында педагогикалық эксперимент жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу мақсатында педагогикалық эксперимент жұмыстары негізінен 3 кезеңде жүргізілді.

I кезеңде орта мектеп оқушыларының геометрия пәнінде компьютерлік ресурстарды пайдалану мүмкіндіктерін анықтау мақсатында анықтау эксперименті жүргізілді.

II кезеңде орта мектеп оқушыларына геометрияны оқыту барысында компьютерлік ресурстарды қолдану ерекшеліктерін анықтау мақсатында ізденіс эксперименті жүргізілді.

III кезеңде жасалған болжамның дұрыстығын анықтау мақсатында оқыту эксперименті жүргізілді.

Зерттеу барысында интерактивті тақта, графиктік бейнелер, слайдтар, Quiz, Kahoot, GeoGebra т.б., бағдарламалары қолданылды.

GeoGebra – бұл тегін, білім берудің барлық деңгейлері үшін кросс-платформалы динамикалық математикалық бағдарлама. Құрамында геометрия, алгебра, кестелер, бағандар, статистика және арифметика секілді бөлімдері бар бағдарлама.

Kahoot – мобильді құрылғыларды қолдану арқылы тапсырмаларды ойын түрінде көрсету.

Зерттеулердің нәтижесінде орта мектеп геометриясын оқытуда компьютерлік ресурстарды қолданудың ерекшеліктерін толығымен саралап отырып нәтижелер алынды. Нәтижелер негізінде компьютердің артықшылықтары мен мүмкіндіктері сараланды. Оқушының сабаққа қызығушылығы артып, ынтасы ашылатыны белгілі болды. Компьютер оқушының ойлау қабілетін, оқу сапасын, пәнді қабылдауын жақсартатыны байқалды. Компьютерді қолдану барысында оқушы сабаққа белсенді ат салысатыны, өтілетін тақырыптың өзекті мәселелеріне зейін қойып қарайтыны, ақпаратты пайдалану мүмкіндіктері кеңейетіні анықталды. Зерттеу кезінде оқытудың дәстүрлі әдістерін қолдануға қарағанда, компьютерлік бағдарламаларды қолдану білім беру жүйесіне жағымды әсер ететіні айқындалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Гершунский Б.С. Прогностический подход к компьютеризации // Советская педагогика. 1988. – № 7. – С. 42-46.

2 Ершов А.П. Концепция информатизации образования // Информатика и образование. 1988. – № 6. – С. 3-30.

3 Монахова Л.Ю. Информационная культура в информационном обществе // Образование взрослых в поликультурном мегаполисе: междунар. конф. – СПб., 1999. – С. 106-107.

4 Роберт И.В. Влияние тенденций информатизации, массовой, глобальной коммуникации современного общества на профессиональное образование // Ученые записки ИИО РАО. – 2004. № 12. – С. 3-14.

5 Қараев Ж.А. Оқытуда компьютерлік технологияны пайдалану // Информатика-физика-математика. 1994. – №3. – Б. 31-37.

6 Шәріпбаев А.Ә. Информатика. – Алматы, 1996. – 72 б.

7 Кеңесбаев С.М. Жоғары педагогикалық білім беруде болашақ мұғалімдерді жаңа ақпараттық технологияны пайдалана білуге даярлаудың педагогикалық негіздері. – Түркістан, 2006. – 11-12 б.

8 Баймухамедов М.Ф. Разработка моделей, методов и средств построения адаптивной технологии компьютерного обучения // Автореферат дисс... докт.техн. наук. – Алматы, 1996. – 47 с.

9 Қадірбаева Р.И. Білім беру жүйесін ақпараттандырудағы ақпараттық-коммуникациялық пәндік ортаның рөлі // Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері, ХҚТУ Интернет конф мат,2013. – Түркістан-Мәскеу. – 75-80 б.

10 Еркишева Ж.С. Ақпараттық технологияларды геометрияны оқытуда пайдалану. – Түркістан, 2016. – 158 б.

11 Арванитаки М., Заранис Н. Использование ИКТ в обучении геометрии в начальной школе // Образование и информационные технологии. 2020. – С. 25. URL: <https://doi.org/10.1007/s10639-020-10210-7>.

ҒТАМР 34.29.35

БОТАНИКАЛЫҚ БАҚТАҒЫ ЖӨКЕ АҒАШТАРЫНЫҢ ЭКО-БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

З.Э. Таштамирова

Магистрант, Қожжа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Н.Н. Салыбекова

PhD, доцент м.а., Қожжа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Түркістан қ.

Мақалада жөке ағашының қалалық жағдайдағы экологиялық және биологиялық ерекшеліктері анықталып, алғашқы зерттеулердің нәтижелері көрсетілген. Зерттеу барысында Түркістан қаласындағы ХҚТУ ботаникалық бағы жөке ағашы түрлерінің барлық белгілері анықталды. Өсімдікке қоршаған ортаның экологиялық жағдайы (өнеркәсіптік кәсіпорындардың, көлік құралдарының шаңы,) қарастырылған. Зерттеу барысында жас жөке өсімдігіне оңтайлы орта әзірленіп, барлық биологиялық ерекшеліктері зерттелді. Зерттеу нәтижелері жөке ағашы түрлерінің Түркістан қаласының экологиялық жағдайына төзімді және өсу көрсеткіші жоғары екендігі анықталды.

Түйін сөздер: жөке өсімдігі, *Tilia cordata* Mill, экологиялық шкала, *Tilia platyphyllos* Scop, эко-биологиялық ерекшеліктер, қалалық экожүйе, ботаникалық бақ.

Қазіргі адамзат қоғамы абиотикалық факторлардың өсімдіктер әлеміне әсерін зерттеуге терең бағытталған. Заманауи қаланың жасыл алаңдары жүйесін жақсарту үшін өндірістік және тұрғын үйлердегі экологиялық жағдайды өсімдіктерді көбейту көмегімен арттыру қажет. Бұл жағдайда маңызды шарт – өсімдіктер түрін арнайы таңдап, төзімділік факторын ескере отырып, оның тұрақтылығы мен өсу қарқынын сақтай отырып қауіпсіз өсіру. ХҚТУ ботаникалық бағы жағдайында бұл талаптарды ескере отырып табиғи экожүйелерге өсімдіктерді бейімдеу жағдайы жоғары. Себебі, Түркістан қаласы бойынша өсімдіктер ценопопуляциясының таралу көрсеткіші басқа қалаларға қарағанда 45%-ға төмен [1]. Күнделікті және маусымдық өзгерістердің орын алуы, күн сәулесінің қалыптан тыс түсуі, автотранспорттың түтіні, шаң-тозаң сынды көп қырлы факторлар өсімдіктің қалыпты өсуіне тікелей әсер етеді. Сол себепті сыртқы факторларға төзімділігі жоғары, көбею ықтималдылығы зор, мол жеміс бере тұра өзінің декоративтілігімен ерекшеленетін құлқайырлар тұқымдасына жататын көп жылдық жөке өсімдігін таңдаған жөн.

Зерттеу жұмысын жүргізу мақсаты: Түркістан қаласының ХҚТУ ботаникалық бағында өсетін жөке ағашының даму динамикасы мен эко-биологиялық ерекшеліктерін анықтау.

Жөке ағашы (*Tilia*) – қоңыржай аумақтарда өсетін, көп күтімді қажет етпейтін, дегенімен жас формалары әлі толық жетілмегендіктен арнайы күтімді қажетсінетін, 50-ге жуық түрі бар бағалы декоративті өсімдік [2]. Түркістан қаласы аумағында таралу көрсеткіші төмен деңгейді көрсетеді. Өйткені қаланың аралас шөлді аумақ қатарына жататындығы, күн сәулесінің тікелей түсуі өсімдіктер дүниесінің қалыпты өсуіне кедергі жасайтын маңызды факторлардың бірі.

Зерттеу әдістері. Зерттеуді жүзеге асыру үшін маусымдық бақылау әдісі, экскурсия әдісі мен биометриялық әдістер мен диагностикалау қолданылды. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде жөке ағашының: *Tilia cordata*, *Tilia platyphyllos Scop* түрлері зерттелді. Жөке ағашының жапырақтарындағы өзгерістерді анықтау, устицалық индексті тіркеу үшін биометриялық әдіс қолданылды. Жөке ағашы түрлерінің арасындағы өзгерістерді, маусымдық қалыптасу ерекшеліктерін зерттеуде, мофрологиялық ерекшеліктерін анықтауда маусымдық бақылау әдісі қолданылды. Жөке өсімдігі жапырағының устицалық өткізгішітігінің мәнін, устицалық индексін өлшеуде SC-1 аппараты қолданылды. Зерттеу жұмысының нысаны ретінде жөке ағашының: *Tilia cordata*, *Tilia platyphyllos Scop* түрлері зерттелді.


Зерттеу жұмысы Түркістан қаласында орналасқан ХҚТУ ботаникалық бағында жүзеге асырылды. Ботаникалық бақ өңірдің био-экологиялық мәселелерін шешуге арналған интродуктивті ғылыми орталық, жалпы аумағы – 88 га. Онда жөке ағашының 2 түрінен 15 ағаш өсірілген. 5-6 жыл бұрын отырғызылған. Әр жөке ағаштарының арасындағы қашықтық 3 м-ді құрайды. Максималды өсу жасы – 50 жыл. Ғылыми зерттеу жұмыстары 02.11.2022-25.08.2022 ж. аралығында жүргізілді. Бұл кезең жөке ағашының гүлдеу (гүлдеуі 10-15 күн), жеміс беру кезеңімен тұспа-тұс келгендіктен, зерттеу жұмыстары осы аралықта жасалынды.

Маусымдық өзгерістерін анықтау үшін ботаникалық бақта күнделікті сыртқы морфологиялық белгілері мен экологиялық ерекшеліктері анықталып, қағазға нәтижелерді тіркеліп, биометриялық өлшем жасау, күтіп баптау шаралары жүргізілді. Әрбір нысанның стандарттық үлгілері алынды. Стандарттық ауытқу деңгейі қалыпты өсу мен стандарттық шаманы салыстыру, әр 3 күн сайын өлшем жасау арқылы Е.Н. Булыгинаның әдістемелік нұсқаулығының көмегімен анықталды [3].

Ботаникалық бағымызда өсіріліп жатқан жөкенің жапырағы түріне байланысты әртүрлі (жүрек пішінді, бүйрек пішінді, торлы жүйкелену) дөңгелек пішінді, жиектері үшкір ара тісті, кезектесе орналасқан, сағақтары ұзын. Жапырақ тақтасы өзінің құрамындағы минералды заттар, ақуыздар, каротиноидтар, полисахаридтер, С витамині, ұшқыш фитонцидтік заттар секілді пайдалы құрамымен ерекшеленеді. Барлық жөке ағаштары жыл сайын

гүлдеп, жеміс береді. Жапырақтарында хлорофилл заттары көп болғандықтан, қою жасыл түске ие.

Tilia cordata қызыл-қоңыр түсті ағаш діңі мен жас өскіндері бар. Жөкенің бұл түрі ботаникалық бақтағы аллеяның бойында қатарымен орналасқан. Морфологиялық белгілерін анықтауда биометриялық әдіс қолданылды. Сызғыш пен штангенциркуль көмегімен өлшемдер алынды. Жөке ағашының көлемі (см²), ұзындығы (см), бұтағының, сабақтарының ұзындығы (см) және жапырақ алақанының көлемін (см²) өлшеп, алынған өлшемдерде айырмашылықтар бар екендігі анықтадық. Алынған өлшемдерге байланысты талдау және салыстыру жұмыстары жүргізілді.



Сурет 1. Adobe Photoshore CS3 бағдарламасы көмегімен өлшенген жөке ағашының кескіндері.

Ол үшін жаздың соңғы айында ботаникалық бақта өсетін жөке ағашының 15 түрінен 30 жапырақ жиналып алынды (n=30). Adobe Photoshore CS3 бағдарламасының көмегімен бірнеше белгілері бойынша өлшем алынды (сурет 1). Ол үшін өсімдік жапырағы мен бұтағының өлшемдері алынды.


Жапырақ өлшемдерін анықтау үшін: жапырақ ені, ұзындығы, жүйке арасындағы қашықтық, жас өскіндерінің ұзындығы, жапырақ ұзындығы мен сағағы арасындағы қашықтықтары секілді параметрлері анықталды. Жапырақ ассиметриясын анықтау үшін Р.Палмер мен К.Стробек ұсынған критерийлері бойынша зерттелді [4]. Критерийлер бойынша жөке ағашы жапырақтарында флуктуиралық ассиметрия (ФА) 65%, бағытталған ассиметрия (БА) 32%, антисимметрия 15%-ды құрайтын ассиметриялар бар екендігі анықталды.

Кесте 1. Жөке ағашы жапырақтарының өлшемдері.

Өлшемдері / Түрлері	<i>Tilia cordata</i>	<i>Tilia platyphyllos Scop</i>
Жарты жылдық өсім (см)	28,5	33,5
Өсімдік ұзындығы (м)	3,9	4,4
Ағаш тәжінің диаметрі (см)	262	373
<i>Бұтағы</i>		
Максималды тәуеліктік өсу көрсеткіші	18.6±0.9	5.2±0.4
Айлық өсу көрсеткіші	16.8±0.8	7.2±0.5
Өсу қарқынының жалғасуы (тәулігіне)	56±2	49±3
<i>Жапырағы</i>		
Максималды тәуеліктік өсу көрсеткіші	12.9±0.8	13.9 ±0.7
Айлық өсу көрсеткіші	17.3±0.9	29.8±1.6
Өсу қарқынының жалғасуы (тәулігіне)	15.8±1	29±2.3

Жөке өсімдігінің екі түрі де бірдей ортада өскенімен жарты жылдық өсімнің 5 см-ге айырмашылығы бар екендігі анықталды (кесте 1). *Tilia platyphyllos Scop* түрінің *Tilia cordata* – дан өсу (вегетациялық өсу) жылдамдығы, ұзындығы жоғары көрсеткіште екенін алынған өлшемдер көмегімен байқадық. *Tilia cordata* түрі *Tilia platyphyllos Scop*-қа қарағанда жылы температураны әлдеқайда аз қажет етеді. Жиі суаруды жүргізу арқылы өсімдіктің өсу қарқынын қадағалауға болады.

Жөке ағашының маусымдық өзгерістерін толығырақ зерттеу, жапырақтарында орын алып жатқан өзгерістерді анықтау үшін заманауи SC-1 аппараты қолданылды. Жапырақ устицаларының өткізгіштігін анықтайтын SC-1 аппаратында өлшенген деректер аспап дисплейінде өткізгіштік бірліктерімен немесе кедергі бірліктерімен көрсетіледі. Сақталған деректерді стандартты кабель арқылы компьютерге жүктеуге болады. Аспап арқылы өсімдіктегі су балансын (өсімдіктегі су мөлшері мен кеткен су мөлшері), өсімдікте орын алатын су стрессінің алдын алуға, устица өткізгіштігіне ластаушы заттардың әсерін зерттеу (гербицидтер, газ), өсімдік ауруларын болжау, аймақтың экологиясын бақылауға болады. Аппараттың өлшеу диапазоны 0 мен 1000 ммоль (м²*с), 15%-бен 90%-ға дейінгі аралықтағы ылғалдылықта өлшей алады. Өсімдікте қолайлы температура 26 °С-ны көрсеткенде құрылғымен өлшеу жасалды. Жапырағы қалың, қарапайым құрылысты, жөкенің өлшем диапазоны 250-460 ммоль аралығын құрады. Аспапты *Tilia cordata* жапырақтары 278 ммоль, ал *Tilia platyphyllos Scop* жапырақтары 159-352 ммоль аралығын көрсетті. Бұл көрсеткіш устицалық өткізгіштіктің орташа екендігін, су балансының оңтайлы жүріп жатқандығын білдіреді. Устицалық саңылаулардың түнгі уақытқа қарағанда күндіз 1,5 есеге артық өткізгіштік қызметін атқаратындығы анықталды. Алынған деректер сызбада корреляциялық теңдеу ретінде көрсетілген.



Сызба 1. Жөке түрлерінің устицалық өткізгіштік коэффициенті мен жапырақ суы потенциалын анықтауға арналған корреляциялық кескіні.

Жоғарыда көрсетілген сызбада тігінен жарты күндік жапырақтағы судың потенциалы, көлденеңінен устицалық өткізгіштік коэффициенті көрсетілген. Алынған деректер корелляциялық тәуелділікке сәйкес келгендіктен $y=0.0204x-12.962$, $R^2=0.5119$ корелляция графигі шықты (сызба 1). Сызылған график корреляция коэффициентінің геометриялық интерпретациясы оң корреляцияны көрсетті. Графикте төменгі сол жақ бұрыштан жоғарғы оң жақ бұрышқа дейін айқын бағытталған. Бір айнымалының мәндерінің жоғарылауымен екінші мән де артқандығы белгілі болды. Демек, жөке жапырағының устицалық өткізгіштігі қаншалықты қарқынды қызмет атқарса, соншалықты түрде су балансы көп үлесте пайдаланылады. Корреляциялық тәуелділік орын алды.

Ботаникалық бағымыздың оңтүстік-шығысқа қарай кіре берісінен *Tilia platyphyllos Scop* түрі қатарымен орналасқан. Бақтағы түрлері 12-14 м-ді құрайды. Ағаш қабығы сұр, жапырақтары жүрек пішінді 12-16 см, жас өркендері қызыл-қоңыр түсті. Бұл түр *Tilia cordata*-ға қарағанда аз таралған, салыстырмалы түрде тез өседі. Жыл сайын ұзындығы 50 см, ал диаметрі 30-35 см-ге дейін өсе алады. Бұтақтары көп, қысқа төзімді. Гүлдерінің диаметрі 2 см, сары түсті. Тік, симметриялы өскен. Кез келген ландшафтқа бейімделе алады. Қала аумағына (парк, бау-бақша) таралуын қамтамасыз ету үшін көшеті арқылы, тұқымы арқылы көбейтуге ыңғайлы. Өсімдікке фотосинтез процессінің коэффициенттік көрсеткіші жоғары болғандықтан, биологиялық өнімділігі айына 1700-5000 г құраған. Зерттеу кезінде жөке ағаштарының астында өсетін яғни топырағында өсетін өсімдіктерді байқадық. Жөке ағашының топырағының құнарлы болуы жөкенің жапырағына тікелей байланысты. Жапырағында мол органикалық және минералды заттар бар. Ол күздік жапырақ түсімі кезінде

топырақты байытады. Мұның көмегімен басқа өсімдіктердің өсуіне жағдай жасайды. Арнайы түрде жапырағын өзге топыраққа сеуіп қолданса болады. Жылдың күзгі кезеңінде жапырақ тақталары сарыға айналады. Аязға, температураның күрт өзгеруіне төзе алады. Жақсы жарықтандырылған жерлерді жақсы көреді, жартылай көлеңкеде де қалыпты өсіп, дами алады [5]. Маусым айында гүлдейді, жемістері ірі әрі шар тәрізді. Көктемгі қырку жұмыстарын аса қажет етпейді.

Зерттеу нәтижесі ботаникалық бақтағы жөке ағашының қалыпты дамуына әсер ететін факторлар анықталып, қала жағдайында бейімделіп өсе алатындығы дәлелденді. Күн сәулесінің әсері, гүлдену, жеміс беру, өсуінің аяқталуы, жемістің түсуі, жапырақ түсімі зерттелді. Әсері мол факторлардың ең қауіптісі – антропогендік фактор екендігі анықталды. Бұл фактор өсімдіктің өсу және көбею мүшелерінің дамуын тежеп, морфологиялық өлшемдерін өзгертіп, өсу қарқынын 15%-ға төмендетті. Болашақта ботаникалық бақта өсірілетін жөке ағашын қалалық аумаққа (көшеті арқылы) отырғызу арқылы көгалдандыру, қала ауасын тазарту, әсемділікті сақтау жұмыстары ұсынылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Margaritis E, Kang J. Relationship between green space-related morphology and noise pollution // *Ecol Indic.* – 2017. №72. – С. 921-933.

2 Баранчиков Ю.Н. Особенности развития тли *Pemphigus spyrothecae passerini* (Homoptera: Aphididae) в полевых насаждениях г. Красноярска // *Лесной вестник.* 2006. №2. – С. 102-108.

3 Костина Н.В., Кузнецова Р.С. Оценка влияния климатических факторов на прирост липы // *Изв. Самар. науч. центра РАН.* 2010. Т.12, № 1(3). – С. 645-649.

4 Паркиева А.Л., Авериков Л.Ш. О состоянии природных ресурсов и окружающей среды Туркестанской области. – Алматы, 2013. – 324 с.

5 Султанова Р.Р., Ханов Д.А. Особенности роста липы мелколистной в условиях городской среды // *Вестник Башкирского государственного университета.* 2010. №1. – С. 20-25.

6 Мамонов Л.К, Музычкина Р.А. Введение в фитохимические исследования и выевления биологической активности веществ растений. – Алматы: «Школа 21-го века», 2008. – С. 225.

ҒТАМР 27.01.45

МАТЕМАТИКАЛЫҚ ЦИКЛ САБАҚТАРЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУЫН ДАМУ

Ә.Ж. Күзенбай

Магистрант, Павлодар Педагогикалық Университеті, Павлодар қ.

Бұл мақалада математикалық цикл сабақтарында бастауыш мектеп жасындағы балалардың логикалық ойлауын дамыту мәселесі қаралды. Тақырып мазмұнын ашу барысында түрлі ғалымдардың ой-пікірі келтіріліп, анықтамалар берілді. Сонымен қатар, бастауыш мектеп жасындағы балалардың логикалық ойлауын дамытудың түрлі, тиімді әдістері және оларды педагогтар өз сабақтарында қалай қолдану керектігі көрсетілді. Оқушылардың логикалық ойлауын дамытудың артықшылықтары жайында ақпараттар берілді.

Түйін сөздер: логикалық ойлау, бастауыш сынып балалары, математикалық цикл сабағы.

Кез келген адамның алдында сұрақ, міндет немесе мәселе туындаған жағдайда ол ойлана бастайды. Ал ойлану процесі осы туындаған сұрақтарды немесе мәселелерді шешу мақсатын қояды. Ойлану процесі адам миындағы таңданудан немесе сол мәселедегі қайшылықты шешу әрекеті арқылы жүзеге асады, сонымен қатар ойлану ол – жаңа нәрсені үйрену процесі. Ойлануды ақыл-ойдың басқа да қасиеттері сияқты дамытып отыру керек және ойлануды дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі логика және логикалық ойлау. Оқушылардың арасындағы логикалық ойлауды дамытуға қатысты мәліметтер мен құнды кеңестер жазған ғалымдар көптеп кездеседі, солардың ішінде Я.А.Коменский мен К.Д. Ушинский еңбектері ерекше көзге түседі.

Я.А. Коменский оқушыларға өмірлік мысалдар келтіре отырып, оларды қорытынды шығарудың ережелерімен таныстыруды және талдау арқылы оқушылардың логикалық ойлауын жетілдіруді ұсынды.

В.А. Сухомлинский балалардың ойлау барысын бақылай отырып, былай деп жазды: «Ең алдымен, балаларды ойлау, ойлану арқылы логикасын дамыту үшін бірнеше мәселені бірден қамтуға үйрету керек. Мысалы: құбылыстарды, оқиғаларды, олардың арасындағы байланыстарды түсіну. Балаларды абстрактілі түрде ойлауға үйрету керек» [1, 124 б.].

Бастауыш сынып жасындағы баланың логикалық ойлауын дамыту арқылы біз баланың танымдық белсенділігін арттырамыз және меңгенген білімінің терең, жүйелі, мағыналы болуына қол жеткіземіз. Баланың ойлауының деңгейі өскен сайын, балада дамудың жоғары сатысына өтуімен оның бастапқы формалары, атап айтқанда практикалық ойлау, жоғалады, олардың ойлау процесіндегі функциялары қайта реттеліп, өзгеріп отырады [2, 125 б.].

Осы мақсатта Я.П. Гальперин «психикалық іс-әрекеттің кезең-кезеңімен қалыптасуы» концепциясын жасаған болатын. Ол, «бірінші кезеңде бала мәселені шешу үшін сыртқы материалдық әрекеттерді пайдаланады. Екіншісінде – бұл әрекеттер тек сөз арқылы айтылады (алдымен дауыстап, сосын іштен). Тек соңғы, үшінші кезеңде сыртқы объективті әрекеті орындалады» деп тұжырымдады [3, 57 б.].

Ж. Пиаже балалардың танымдық әрекетінің механизмдерін зерттей отырып бастауыш мектеп жасындағы балалардың интеллектінің қалыптасуын қарастырды. Ол бірінші болып балалар ойлауының сапалық ерекшелігін зерттеу міндетін қойды. Ж.Пиаже көзқарасы бойынша интеллект дамуы үш (немесе төрт) кезеңнен өтеді және кіші мектеп жасы нақты оперативті интеллекттің қалыптасу кезеңі болып табылады.

Ойлаудың ең жоғарғы формасы – сөздік-логикалық ойлау. Балалардың сөздік-логикалық ойлауының дамуы кем дегенде екі кезеңнен өтеді. Олардың біріншісінде бала заттар мен іс-әрекеттерге қатысты сөздердің мағынасын біледі, шешім қабылдау кезінде оларды қолдануды үйренеді, тапсырмаларды орындайды, ал екінші кезеңде қарым-қатынасты білдіретін ұғымдар жүйесін меңгереді, пайымдау логикасының ережелерін меңгереді. Екінші кезең әдетте мектептегі оқудың басталуын білдіреді [4, 22 б.].

Ұғымдар – құбылыстардың, заттардың, сапалардың тұтас тобы және олардың мәнді белгілерінің ортақтығына қарай біріктірілген жалпылама білім [5,72 б.]. Қарым-қатынас ұғымдары бастауыш мектеп жасындағы баланың білімінің маңызды бөлігін құрайды. Бұлар дүниелік (үй, отбасы, жайлылық, жайлылық, дау-дамай, мұңдылық), грамматикалық (жұрнақтар, сөйлемдер, синтаксис), арифметикалық (сан, бөліну, теңдік), адамгершілік (мейірімділік, ерлік, ерлік, патриоттық) т.б. ұғымдарды қамтиды.

Әр түрлі ұғымдарды меңгеру барысында бастауыш мектеп жасындағы бала оларды топтарға жіктейді. Олар:

– бір мағынаны білдіретін түсініктерді бақылау және ақпараттарды іріктеу (сөздер, геометриялық фигуралар, математикалық өрнектер);

– белгілі бір категорияға жататын жаңа құбылыстардың талдауы және ерекшеліктерін іріктеу;

– барлық маңызды емес, қосымша, екінші деңгейлі белгілерді абстракциялап, маңызды белгілерді сақтау;

– таныс сөздрін өзі білетін топтарға қосу [6, 28 б.].

7-8 жастағы бала әдетте белгілі бір санаттар бойынша ғана ойлай алады, баланың мұндай қиын және күрделі ақыл-ой жұмысын бірден орындауы мүмкін емес. Ақыл-ой әрекеті – мәселені шешуге бағытталған психикалық әрекеттер

жүйесі, осы жүйе арқылы бастауш мектеп жасындағы бала ақыл-ой жұмысын орындауға оңай қол жеткізе алады. Ол үшін балада алдымен логикалық ойлауды дамыту керек [7, 176 б.].

Бастауыш мектеп жасындағы балаларда логикалық ойлауды дамыту әдістері. Логикалық ойлаудың дұрыс қалыптасуы үшін сабақтарда әр түрлі дәстүрлі емес әдістер қолданылады. Бұл тапсырмаларға жұмбақтар, анаграммалар, ребустар және логикалық тапсырмалар кіреді. Логикалық тапсырмалар ақыл ойды дамытудың тамаша құралы болып табылады. Осы жаттығулармен жұмыстың әртүрлі формаларын жасау нәтижесінде көптеген нәтижеге қол жеткізуге болады. Логикалық тапсырмалық әдістер көбінесе математика сабақтарында, математикалық олимпиадалар мен жарыстарда қолданылады. Түрлі анаграммалардың, ребустардың, жұмбақтардың көмегімен логиканың сөздік логикалық ойлау жақсы дамиды. Логикалық түрлі тапсырмалар барлық психикалық әрекетті, барлық ақыл-ойды тікелей дамытуға бағытталған операциялар (анализ, синтез, жіктеу, салыстыру және т.б.) болып табылады [8, 29 б.].

Логикалық тапсырмаларды классификациялаудың бірнеше тәсілдері бар. Н.В. Бабкина тапсырмаларды бірнеше түрге бөлудің қисынды үлгісін ұсынады [9, 3 б.].

Бірінші түріне үш объектіні байланыстыратын екі қатынастан қорытынды шығаруға арналған сюжеттік-логикалық тапсырмалар кіреді. Мектеп оқушыларына осы типтегі есептермен өз бетінше жұмыс істеуге мүмкіндік бермес бұрын, мысал арқылы оларды шешудің жалпы алгоритмдерін үлгі ретінде көрсету қажет. Одан кейін оқушылар объектінің қандай және қанша ерекшелігі бар екенін анықтап топтайды.

Екінші түріне бірнеше тұжырымдар арасында байланысты орнатуға арналған сюжеттік-логикалық тапсырмалар кіреді. Тапсырмаларды шешудің ең қолайлы нұсқасы кесте жасап, сол кестеге белгілерді іріктеп жазу. Оқушылар кестеге оң және теріс белгілерді топтастырып жазады. Бұл тапсырмалар оқушылардан ерекше зейінді талап етеді және меңгерген ақпаратты мұқият талдауға үйретеді. Жұмыс барысында білім алушылар шеберлікті меңгереді, пікірлерін кеңейтіп, негіздейді [10, 45 б.].

Бұл жердегі мұғалімнің рөлі балаларға тапсырманы түсінуге көмектесу болып табылады. Оқушыларға тапсырма мәтінін оқып, оны қалай түсінгендерін талқылап, қажет болған жағдайда тапсырманың графикалық көрінісін талдап береді, яғни, «балалардың назарын графикалық анықтамаға және оның мағынасына аудартып, тапсырманың нәтижесін балалармен талқылайды».

Мектеп қабырғасындағы оқу-әдістемелік жинақтарды жалпылама талдау бастауыш сыныптарында өткізілетін математикалық цикл сабақтарында мынадай позицияларды ұстануға мүмкіндік берді:

1. 1-2 сыныптардың оқу материалы бойынша логикалық ойлаудың аналитикалық және жоспарлау деңгейлерін қалыптастыруды үнемі жүзеге асыруға болады. Нәтижесінде 3-4 сыныптарда бастауыш сынып оқушыларының дағдыларының жақсаруы байқалады.

2. Оқыту мазмұнына дәстүрлі емес тапсырмалар енгізілгендіктен, тапсырмалар оқушылардағы логикалық ойлауды дамытуды ішінара қамтамасыз етеді.

3. Әдістемелік материалға тапсырмалардың жалпы дамыту мақсаттары енгізіледі.

Бағдарламалар кіші жастағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту ұстанымдарын қамтығанымен, оқу материалдары әрдайым жеткілікті деңгейде бола бермейді. Бастауыш сыныптарда логикалық ойлауды мақсатты түрде қалыптастыру үшін жас жеткіншектердің логикалық ойлауы дамитын психологиялық-педагогикалық жағдайларды жасау бойынша жүйелі, жүйелі жұмыс қажет.

Математикалық цикл сабақтарында бастауыш мектеп жасындағы оқушыларының логикалық ойлауын дамытудың орны ерекше. Балаларда оқудың басталуымен ойлау процесі психикалық орталыққа ауысады және бұл баланың дамуындағы психикалық жүйенің ең маңызды бөлігі болып саналады [11, 12 б.].

Бастауыш мектеп жасы баланың логикалық ойлауының дамуының қарқынды жүріп жататын кезеңі. Бұл кезеңде көрнекі-бейнелі ойлаудан сөздік-логикалық, концептуалды ойлауға көшу жүзеге асырылады. Бұл кезеңде баланың психикалық әрекеті екі жақты сипатта көрініс табады: бақылау барысындағы нақты шындыққа сай ойлану және логикалық ойлау толығымен игерілмегендіктен баладағы логикалық ойлаудың бастапқы көріністері.

Бастауыш мектеп жасындағы бала бастауыш сыныптарында өзін қоршаған дүниені таниды, заттар мен қоршаған құбылыстарды маңызды белгілері бойынша ажыратуды үйренеді, оларды салыстырады, заттар мен құбылыстардан ортақ нәрсені табуға және оларды осы белгісіне қарай жіктеуге үйренеді. Ал балалардың логикалық ойлауын дамытудың педагогикалық шарттары бастауыш мектеп жасында ең алдымен әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдану арқылы жүзеге асады. Мұғалімдердің көпшілігі дәстүрлі бағдарламалар бойынша жұмыс істейтінін ескерсек, баланың логикалық ойлауын дамытуға арналған әдістерді пайдалана алатын мұғалімдерге қажеттілік туындайтыны рас [12, 96 б.].

Л.С. Выготскийдің теориялық және эксперименттік еңбектері туа біткен бейімділіктердің болатындығына қарамастан логикалық ойлау, шығармашылық қиял, мағыналы есте сақтау қасиеттері өздігінен дамымайтындығы, ересектердің көмегінсіз дами алмайтындығы дәлелденген. Ол қасиеттер уақытымен, балалық шағында тәрбие процесінің тәтижесінде қалыптасады. Баланың психикалық дамуындағы жетекші рөл баланың логикалық ойлауын дамытудың қажетті шарттары орында отырып салыстыруға, жалпылауға, талдауға үйрету, сөйлеуді дамыту, баланы жазуға үйрету болып табылады. Жүйесіз үлкендердің артынан қайталау, әртүрлі ақпаратты жаттау, пайымдау балалардың ойлауын дамытуға ешқандай пайдасын тигізбейді [13, 68 б.].

В.А. Сухомлинский былай деп жазған: «...Балаға білімді үйіп төгіп берме... – тым көп берілген білім ізденімпаздық пен қызығушылықты басып,

баланың білімге деген құшарлықтан айырады. Балаға қоршаған әлемнің тек бір бөлігін ғана көрсетіңіз, бірақ осы кішкентай бөлік баланың қызығушылығын оятып, бала «білсем» деген ниетке жететіндей етіп көрсетіңіз» [14, 156 б.].

Сол себепті де, балаға ең алдымен логикалық ойлауды үйрету керек және үйреу үшін білімді жасына сай көлемде әрі жасына сай педагогикалық құралдарды қолдана отырып жасау керек. Осы орайда, бастауыш сынып балаларының логикасын математикалық цикл сабақтарында дамытудың құралдарының бірі венгр психологы Дьенештің жасаған «Логикалық блоктар» әдісі.

Бұл әдіс құралдары 48 дана геометриялық пішіндер, бұл геометриялық пішіндердің ешқайсысы бір біріне ұқсамайды. Ол пішіндер бір-бірінен пішіні бойынша (шеңбер, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш), түсі бойынша (сары, көк, қызыл), өлшемі бойынша (үлкен және кіші) қалыңдығы бойынша (қалың және жіңішке). Яғни, әр фигура төрт қасиетімен сипатталады: түсі, пішіні, өлшемі, қалыңдығы [15, 62 б.].

Бұл әдіс ұзын баспалдақ секілді жайдан күрделіге қарай жылжи береді, ал осы құралдармен жасалатын жаттығулар бала логикасын біртіндеп, жайдан күрделіге қарай дамытады. Яғни, бала пішіндердің қасиеттерін анықтайды, оларды салыстыруды үйренеді, жіктейді, жалпылайды және қасиеттеріне қарай топтайды. Бұл әрекеттердің бәрін бала логикалық ойлауын қолдана отырып іске асырады [16, 63 б.].

Блоктармен әртүрлі әрекеттерді орындау барысында балалар бірінше кезекте объектілердің бір қасиетін анықтау және абстракциялау қабілеті (түсі, пішіні, өлшемі, қалыңдығы) бойынша заттарды салыстыру, жіктеу және жалпылау қасиеттерін меңгеріп шығады. Екінші кезекте олар объектілерді бірден екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, пішіні мен өлшемі, өлшемі мен қалыңдығы және т.б.) талдау, салыстыру, жіктеу және жалпылау дағдыларын игереді. Үшінші кезекте күрделене түседі, яғни бала бірден үш қасиеті бойынша (түсі, пішіні, өлшемі; пішіні, өлшемі, қалыңдығы, т.б.) топтау дағдысын қалыптастырады және төртінші кезекте бала бірден пішіндердің төрт қасиеті бойынша логикасын дамыта отырып (түсі, пішіні, өлшемі, қалыңдығы) пішіндерді топтарға жинақтауды меңгеріп шығады.

Сонымен қатар, логикалық ойлауды дамыту педагогтың тапсырған түрлі тапсырмаларын орындау арқылы да жүзеге асырылып отырады:

– логикалық қатар (кейбір қасиеттері бойынша объектілерді табыңыз және оны қатарға орналастырып қасиеттері бойынша сай келмейтін өзге объектіні қосыңыз, қатардағы қалғандардан өзгеше объектіні тауып, алып тастауды тапсырыңыз; суреттер жиынынан логикалық жолдар жасаңыз және т.б.);

– лабиринттер (әртүрлі лабиринттерден өтуі);

– логикалық байланыстарды табыңыз (мысалы, ұқсас объектілер: қолы немесе басқа дене бөлігі және олар кімдікі, анасы мен баласы, жануар және оның тағамы);

– қателерді түзету (қате пішінді түзету);

- заттарды белгілеріне қарай топтастыру (мысалы: жемістер мен көкөністер, әріптер мен сандар және т.б.);
- сөзжұмбақ, ребустар, жұмбақтар шешу;
- белгілері бойынша затты (жануарды, адамды) табыңыз (мысалы: Сая қара шаш және көзілдірік) [17, 56 б.].

Сонымен логиканы дамытудың педагогикалық шарттары.

Кіші мектеп жасындағы балалардың ойлауы:

- мүмкін болатын әрекеттерге балаларды қосу, өз белсенділігін стандартты емес, екіұшты жағдай аясында көрсету;
- әртүрлі құралдар мен әдістерді қолдану;
- мектеп оқушыларын салыстыруға, жалпылауға, талдауға үйрету.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың математикалық цикл сабақтарында логикалық ойлауын дамыту үшін өз тәжірибемде қолданылған әдістерді көрсетер болсам:

1. Логикалық есеп.

– Айгүлдің алдында 3 зат тұр: шелек, доп, қуыршақ. Допты қозғамай қалай шетіне қоюға болады?

– Үстел үстінде төрт алма тұр. Бір алманы алып ортасынан бөліп қайта қойды. Үстел үстінде неше алма болды?

– Қоянға, түлкіге, аюға үш түрлі жалауша жасап берді – қызыл, сары көк. Қояндағы жалауша қызыл емес, түлкідегі қызыл да, көк те емес. Кімнің жалаушасы қандай?

– Бөлмеде 2 орындық тұр. Әр қабырғаның жанында бір-бір орындық болуы үшін орындықтарды қалай қоюға болады?

2. Ойлан, тап!

Сиқырлы үшбұрыштағы бос орынды толтыр.

Мақсаты: оқушылардың жылдам есептеу дағдыларын дамыта түсу.

Мақсаты: оқушылардың амал таңбаларын тағайындай білу дағдыларын дамыта түсу.

$$(14*6)*10=10$$

Математикалық тест $4+3$ 9, 10, 7 $10-3$ 7, 8, 9.

$6+3$ 9, 6, 4 $9-2$ 5, 6, 7.

3. Логикалық ойын.

1. Екі сиырдың мүйізі қанша?

2. Бір мысықтың аяғы қанша?

3. Бес қойдың басы нешеу?

4. Үш адамның қолы нешеу?

Бұл әдістерді қолдану арқылы математикалық цикл сабақтарында балалардың логикалық ойдауының жақсарғанын байқадым.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, бастауыш мектеп жасындағы оқушылардың логикалық ойлауын дамыту мәселесі қарастырылды.

Демек, бұл математикалық цикл сабақтарында бастауыш мектеп жасындағы балаларды логикалық ойлауын дамыту үшін балаға даму, талдау, салыстыру, маңыздыны бөліп көрсету, жалпылау және нақтылау қабілеттерін меңгерту. Ол үшін әрбір педагог сабақ жүргізу барысында тек дәстүрлі әдістерді ғана қолданып сонымен шектелмей, баланың логикалық ойлауын дамытуға түрлі әдістерді қолданғаны жөн. Бұл әдістер баланың бойындағы қызығушылығын арттырып, ойлау дағдыларын дамытып отыруы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Белошистая А.В. Развитие логического мышления младших школьников на основе использования специальной систем занятий: Монография. – Мурманск: МГПУ, 2009. – 104 с.
- 2 Блонский, П.П. Педология: кн. для высш. пед. учеб. заведений. – М.: Владос, 2000. – с. 287.
- 3 Волков Б.С. Психология младшего школьника: уч. пособие. – М.: Академический проект, 2005. – 208 с.
- 4 Волкова С.И. Развитие познавательных способностей детей на уроках математики // Начальная школа. № 7-8. – С. 27-32.
5. Гальперин, П.Я. Методы обучения и умственное развитие ребенка / П.Я. Гальперин. – М.: изд-во МГУ, 2001. – 287 с.
- 6 Давыдов В.В. Психологическое развитие в младшем школьном возрасте. Возрастная и педагогическая психология. – М.: Мысль, 2000. – 153 с.
- 7 Давыдов В.В. Психологические проблемы процесса обучения младших школьников // Хрестоматия по возрастной психологии: Учеб. пособие. – М.: Воронеж, 2003. – С. 222-225.
- 8 Диагностика развития младших школьников: психологические тесты. – Ростов н/Д: Феникс, 2008. – 125 с.
- 9 Дружинина В.Н. Психология: Учеб. для гуманитарных вузов. – СПб.: Питер, 2001.
- 10 Исаева Э.Г. Стандарты развития младшего школьника: Методическое пособие. – Махачкала: ДИПК ПК, 2003.
- 11 Костюк Г.С. Принцип развития в психологии. Хрестоматия по возрастной психологии: Учеб. пособие. – М.; Воронеж, 2003. – С. 21-25.
- 12 Левитес В.В. Развитие логического мышления детей дошкольного и младшего школьного возраста. Известия Российской академии образования. – 2006. – №3.
- 13 Маклаков А.Г. Общая психология. – СПб.: Питер, 2001.
- 14 Математика. 3 класс. Часть 1. – М.: Баласс, 2012. – 96 с.
- 15 Математика. 3 класс. Часть 1. – М.: Просвещение, 2013. – 127 с.
- 16 Петрова В.И. Развитие мышления при решении задач. Начальная школа, № 1. – С. 23-25.
- 17 Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка. – СПб.: Союз, 1997. – 436 с.

ҒТАМР 29.29.41

ҰЛПАЛАРДЫҢ ЖАСУШАЛАРЫНДАҒЫ МЕМБРАНАЛЫҚ ДИФфуЗИЯ ҚҰБЫЛЫСЫН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Д.А. Махамбетова

Магистрант, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.

Б.А. Калаков

Ф.-м.ғ.к., доцент, А. Байтұрсынов атындағы ҚӨУ, Қостанай қ.

Биологиялық мембраналар арқылы зат тасымалдануын зерттей отырып, биофизика пәнінің дәріс сабақтарында сол құбылысты тереңірек оқып түсінудің келесі теориясы қарастырылады.

Мембраналар арқылы зат тасымалданудың негізінде диффузия құбылысы жатады. Қазіргі таңда оның екі түрі қажетті деңгейде зерттелінді: енжар (пассивті) және белсенді (активті) тасымалдануы.

Енжар деген зат тасымалдау құбылысы жасушадағы концентрациясы артық орнынан зат концентрациясы аз орнына сол концентрационды градиенті негізінде зат молекулалары, иондары тасымалданады. Оның көмекшісі ретінде потенциалдар айырымы болады. Жасуша аралық сұйық электролит болғандықтан потенциалы артық жерден потенциалы аз жерге зат иондары электр өрісі әсерінен тасымалданады.

Түйін сөздер: диффузия, осмос, мембрана, концентрация, жасуша.

Тірі ағзалардың ұлпаларында, одан кейін жасушаларында ағып өтетін диффузия және осмос құбылыстардың маңыздылығы зор.

Диффузия дегеніміз материяның немесе энергияның кеңістікте еркін таралуының салдарынан алмасуы, латын тілінен аудармасы таралуы, ағып өтуі, шашырауы деген мағына береді. Диффузия концентрация градиентінде пайда болады. Егер кез келген кеңістік нүктесінде бір заттың иондар концентрациясы жоғары, ал басқа жеріндегі зат иондарының концентрациясы аз болса, сол концентрациондық градиент әсерінен зат иондары тасымалданады.

Осмос грек тілінен аудармасы қысым, итеру деген мағынаны білдіреді. Жартылай өткізгіші жарғақ арқылы еріткіш молекулалардың концентрациясы артық жерге біржақтылы диффузия құбылысы. Осмос концентрация градиенті бағыты бойынша өтеді.

Диффузия кішкентай, зарядталмаған молекулалардың липидтер молекулалар арасындағы концентрация градиенті бойынша (газдар, плазмалық мембрана арқылы майда еритін молекулалар тура сіңіреді).

Жеңілтілген диффузия кезінде су ішінде еріген заттар (глюкоза, аминқышқылдары, нуклеотидтер мембрана арқылы, ерекше канал арқылы, оны ақуыз-тасымалдаушы өткізеді.

Осы келтірілген үдерістер қосымша энергия шығынын талап етпейді.

Басқаша айтқанда осмос дегеніміз ол судың немесе басқа еріткіштің концентация айырымы мен немесе химиялық потенциалдар айырымымен жартылай өткізгіш жарғақ арқылы диффузиясы [1].

Осмос құбылысы кезінде концентрация градиенті бойымен немесе химиялық потенциалдар айырымымен пайда болған жартылайөткізгіш жарғақ арқылы біржақты диффузиясы кезінде еріткіш ішінде осмосты туғызбай ерітіндіге келтірілетін минималды гидростатикалық қысымы осмостық қысым деп аталады.

Вант-Гофф заңы бойынша электролиттер емес ерітінділер үшін:

$$\pi = C_M RT \quad (1)$$

Электролит ерітінділер үшін:

$$\pi = i \cdot C_M \cdot R \cdot T \quad (2)$$

Мұндағы: C_M – молярлық концентрация (моль/л),

R – универсал газ тұрақтысы (8,31 Дж/мольК),

T – температура (К),

i – изотоникалық коэффициент.

Адам ағзасына дәрілер диффузия арқылы түседі. Диффузия принциптерінде мембраналық технологиялары негізделген.

Кейбір фильтрлерінде судың тазарту негізі болып жартылайөткізгіш жарғақ арқылы диффузия құбылысы болып табылады.

Ингаляциялар тиімдірек және жылдамырақ әсер етеді, кәдімгі дәрілерге қарағанда, өйткені фитонцидтер мұрын қабықшасы арқылы тура қанға түседі.

Осмос құбылыстың көп биологиялық үдерістер үшін маңызды роль атқарады. Қалыпты жасушаны қоршап тұрған мембрана тек қана су, оттегі молекулалары үшін жасуша өмір сүрудің кейбір өнімдердің қанда еріген заттардың ғана өтімді, ал үлкен ақуыз молекулалар үшін жасушада еріген күйінде болғандығына қарамастан өтімді емес. Сондықтан биологиялық үдерістер үшін ақуыздар жасуша ішінде қалады [2].

Осмос қоректену заттардың жоғары ағаштар діңіде осы функцияны капиллярлы ауысу жеткізе алмайтын зат алмасуына қатысады.

Еріткіш және ерітінді мембрана арқылы бөлініп тұрса, ол арқылы еріген зат молекулалары өтпей жатса, онда жүйе еріткіштің термодинамикалық

потенциалын ерітінді жағынан қысымды арттыру есебінен арттырады. Әғни таза еріткіш мембрана арқылы ерітіндіге сіңіп өтеді.

Осмос ол мембрана арқылы аз концентрленген ерітіндіден артығырақ концентрленген жағына судың диффузиясы. Жасушалар су мен осмос арқылы алмасып отырады.

Су мембрана арқылы ақуыз каналдар көмегі мен қозғалады, оларды аквапориналар деп атайды, олардың саны өзгеріп отырады.

Диффузия коллоидтті жүйенің толық көлеміндегі немесе ерітіндінің молекулалардың бөлшектердің концентрациясының өздігінен теңесу процесі.

Коллоидтті бөлшектер баяу диффундендіріледі, ал шыны ерітінділер артық шамамен диффундирленеді [3].

Биологиялық мембраналар арқылы зат тасымалдануын зерттей отырып, биофизика пәнінің дәріс сабақтарында сол құбылысты тереңірек оқып түсінудің келесі теориясы қарастырылады.

Мембраналар арқылы зат тасымалданудың негізінде диффузия құбылысы жатады. Қазіргі таңда оның екі түрі қажетті деңгейде зерттелінді.

Енжар (пассивті) және белсенді (активті) тасымалдануы. Енжар деген зат тасымалдау құбылысы жасушадағы концентрациясы артық орнынан зат концентрациясы аз орнына сол концентрационды градиенті негізінде зат молекулалары, иондары тасымалданады. Оның көмекшісі ретінде потенциалдар айырымы болады. Жасуша аралық сұйық электролит болғандықтан потенциалы артық жерден потенциалы аз жерге зат иондары электр өрісі әсерінен тасымалданады.

Енжар тасымалдау ол электрохимиялық потенциалының мәні жоғары орнынан потенциал мәні аз орнына қарай, ал белсенді тасымалдауында потенциалы аз орнынан потенциалы артық орнына тасымалданады. Жасуша мембранасында Кез келген К-заттың химиялық потенциалы деп – бір моль затты тасымалдауға шығындалған энергия мөлшерін атайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Осмос – «Кругосвет» энциклопедиясынан мақала.
- 2 Осмос – Үлкен совет энциклопедиясынан мақала.
- 3 Коновалов Д.П. Осмос. Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: в 86 т. (82 т. и 4 доп.). – СПб., 1890-1907.

ҒТАМР 27.43.15

ЫҚТИМАЛДЫҚТАР ТЕОРИЯСЫ ЭЛЕМЕНТТЕРІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

О.С. Икраф

Магистрант, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

М.К. Шуақиев

Т.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Ықтималдық теориясы күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін құбылыстар мен үрдістердің модельдерін құрып және оларды талдап, дұрыс шешім қабылдауға көмектеседі. Ықтималдықтың классикалық анықтамасы бойынша комбинаторика элементтеріне сүйеніп және оқиғаның толық ықтималдық формуласын қолданып есептер шығару ұсынылады.

Түйін сөздер: ықтималдық, математикалық статистика, болжамдар теоремасы, толық ықтималдық, комбинаторика.

Математикалық статистика – ғылыми және практикалық қорытындылар үшін статистикалық деректерді жүйелеудің және пайдаланудың математикалық әдістері туралы ғылым. Математикалық статистиканың негізгі міндеті – нақты әлем деректері мен оның математикалық сипаттамасы арасындағы сәйкестікті анықтау.

Ықтималдықтар теориясының пәні статистикалық эксперименттерде байқалатын кездейсоқ құбылыстар мен процестердің математикалық модельдерін құру және зерттеу болып табылады. Егер статистика нақты бақылаулар мен эксперименттердің нәтижелерімен айналысса, олардағы белгілі бір заңдылықтарды анықтаса, ал ықтималдық теориясы тек математикалық модельдерді зерттейді және алынған нәтижелердің «тәжірибенің нақты әлеміне» қолданылуы туралы мәселе ықтималдық теориясынан тыс шешіледі.

Ықтималдықтар теориясының пәні үлкен ерекшелігімен ерекшеленеді. Теориялық және ықтималдық ұғымдардың ерекше сипаты ұзақ уақыт бойы бұл ұғымдарға көзқарас тек интуитивті ойларға негізделгендігінің себебі болып табылады. Бұл ықтималдық теориясының тұжырымдарының дұрыстығына деген сенімге нұқсан келтірді: оның көптеген ережелері түсініксіз және күмән тудырды. Ықтималдықтар теориясы жалпы білім берудің сөзсіз құндылығын білдіретін мектеп курсына енгізілген бөлімдердің бірі. Алынған білімнің пайдалылығы – бұл білімнің бізді қоршаған әлемнің заңдылықтарын түсіну

және білу үшін алатын мәні, сондай-ақ оларды басқа ғылымдарды зерттеуде және күнделікті өмірлік тәжірибеде тікелей қолдану мүмкіндігі.

Мектептегі математикалық білім берудің қазіргі тұжырымдамасы ең алдымен, баланың даралығын, оның қызығушылықтары мен бейімділігін ескеруге бағытталған. Бұл мазмұнды іріктеу критерийлерін, оқытудың жана интерактивті әдістерін әзірлеу мен енгізуді, оқушының математикалық дайындығына қойылатын талаптарды өзгертуді анықтайды. Осы тұрғыдан алғанда математиканы оқыту туралы ғана емес, сонымен қатар математика арқылы тұлғаны қалыптастыру туралы сөз болғанда барлық оқушылардың ықтималдық интуициясы мен статистикалық ойлауын дамыту қажеттілігі өзекті мәселеге айналады.

1-мысал. 9 қабатты үйдің лифтіне 5 адам отырды. Бұл адамдардың әрқайсысының үйдің Кез келген қабатынан шығу мүмкіндіктері бірдей деп алып, олардың барлығының лифтіден

- 1) бір қабаттан шығу;
- 2) 7-қабаттан шығу;
- 3) әртүрлі қабаттардан шығу ықтималдықтарын табындар.

Шешуі: Мұнда комбинаторика элементтеріне сүйеніп болуы мүмкін оқиғаның санын анықтаймыз. Қайталанбалы орналастыру формуласын қолданайық.

1) $m=8$, $n=A_8^5 = 8^5$ онда ықтималдықтың классикалық анықтамасы бойынша $P=\frac{1}{8^4}$ болады.

2) $m=1$, $n=8^5$ онда $P=\frac{1}{8^5}$.

3) $m=A_8^5 = \frac{8!}{3!}$, онда $P=\frac{1}{3!} = \frac{1}{6}$.

Жауабы: $P=\frac{1}{8^4}$, $P=\frac{1}{8^5}$, $P = \frac{1}{6}$.

2-мысал. Ауылдық мекенді бораннан кейін телефон желісінің 40-шы және 70-ші шақырымдары аралығында сым үзілді. Үзілген сым телефон желісінің 50-ші және 55-ші шақырымдары арасында болуы ықтималдығын табындар.

Шешуі: Нәтижелердің жалпы саны – ұзындығы $L=70-40=30$ км болатын бөлік, ал нәтижелердің қолайлы саны – ұзындығы $l=55-50=5$ км болатын бөлік.

Осыдан ізделінді оқиғаның ықтималдығы: $P=\frac{l}{L} = \frac{5}{30} = \frac{1}{6}$.

Жауабы: $\frac{1}{6}$.

3-мысал. Электр желісіне тізбектей үш элемент жалғанған. Бұл элементтердің істен шығу ықтималдықтары сәйкесінше 0,1 -ге; 0,15-ке; 0,2 -ге тең. Электр желісінде ток болу ықтималдығы қандай?

Шешуі: А, В және С арқылы элементтердің жұмыс жасауын білдіретін оқиғалар деп белгілейік.

$$P(A) = 1 - 0,1 = 0,9$$

$$P(B) = 1 - 0,15 = 0,85$$

$$P(C) = 1 - 0,2 = 0,8$$

элементтердің жұмыс жасау ықтималдықтары сәйкесінше 0,9 -ға; 0,85-ке; 0,8 -ге тең болады. Электр желісінде ток болу ықтималдығын табайық.

$$P(ABC) = 0,9 \cdot 0,85 \cdot 0,8 = 0,612.$$

Жауабы: 0,612.

4-мысал. Үш дорбаның әрқайсысында 6 ақ және 4 қызыл түсті асықтар бар. Бірінші дорбадан кездейсоқ асық алынып, екінші дорбаға салынды. Сонан соң екінші дорбадан кездейсоқ бір асық алынып, үшінші дорбаға салынды. Соңында үшінші дорбадан кездейсоқ алынған асықтың қызыл түсті болу ықтималдығы қандай?

Шешуі:

Қапта барлығы 10 асық бар. H_1 – бірінші қораптан ақ шар, H_2 – бірінші қораптан қызыл шар, A – үшінші қораптан алынған шар қызыл түсті екенін білдірсін.

$$P(H_1) = \frac{6}{10} = \frac{3}{5}, P(H_2) = \frac{4}{10} = \frac{2}{5}.$$

1) Ақ асық ауысса: онда 2-дорбада 7 ақ, 4 қызыл түсті шар болады.

Барлығы 11 шар болады.

$P_{H_1}(H) = \frac{6}{10} \cdot \frac{7}{11} = \frac{42}{110} = \frac{21}{55}$ (2-дорбадан 3-рет ақ шар шар ауысқан, олай болса, 1-дорбадан 2-рет ақ шар ауысты).

$P_{H_2}(H) = \frac{2}{5} \cdot \frac{4}{11} = \frac{8}{55}$ (2-дорбадан 3-рет қызыл шар ауысқан, олай болса, 1-дорбадан 2-дорбаға ақ шар ауысты).

2) Қызыл асық ауысса: онда 2-дорбада 6 ақ, 5 қызыл түсті шар, барлығы 11 шар болады.

$$P_{H_2}(H_3) = \frac{2}{5} \cdot \frac{5}{11} = \frac{2}{11} \text{ (2-дорбадан 3-дорбаға қызыл шар салынды)}$$

$$P_{H_1}(H_3) = \frac{2}{5} \cdot \frac{6}{11} = \frac{12}{55} \text{ (2-дорбадан 3-дорбаға қызыл шар салыну ықтималдығы)}$$

$P(A) = \frac{21}{55} \cdot \frac{4}{11} + \frac{12}{55} \cdot \frac{5}{11} + \frac{12}{55} \cdot \frac{4}{11} + \frac{5}{11} \cdot \frac{5}{11} = \frac{242}{605} = \frac{2}{5} = 0,4$ (3-дорбадан қызыл асық алыну ықтималдығы)

Жауабы: 0,4.

5-мысал. Үш мерген нысанаға бір-бірден оқ атты. Нәтижесінде нысанаға 2 оқ тиді. Егер мергендердің нысанаға тигізу ықтималдықтары сәйкесінше 0,6-ға, 0,5-ке, 0,4-ке тең болса, онда нысанаға тиген оқтың біреуі үшінші мергеннің оғы болу ықтималдығы қандай?

Шешуі:

A -нысанаға екі оқтың тиюі бір мергеннің мүлт кетуімен анықталады. H_1, H_2, H_3 – сәйкесінше 1,2,3-мергеннің мүлт кетуін білдірсін. Онда

$$P(H_1) = P(H_2) = P(H_3) = \frac{1}{3}. \text{ Толық ықтималдық бойынша есептейік.}$$

$P(A) = 0,5 \cdot \frac{1}{3} + 0,6 \cdot \frac{1}{3} + 0,4 \cdot \frac{1}{3} = \frac{15}{30} = \frac{1}{2}$; Болжамдар теоремасы Байес формуласы бойынша мынадай теңдікті аламыз:

$$P_A(H_3) = \frac{P(H_3) \cdot P_{H_3}(A)}{P(A)} = \frac{\frac{1}{3} \cdot 0,4}{\frac{1}{2}} = \frac{4}{15}.$$

Жауабы: $\frac{4}{15}$

6-мысал. Бірінші қорапта 1 ақ және 9 қызыл шар, екіншісінде 5 ақ және 1 қызыл шар бар. Әрбір қораптан кездейсоқ бір-бір шар алынып тасталды да, қораптардағы қалған шарлар үшінші қорапқа салынды. Үшінші қораптан кездейсоқ алынған шардың ақ түсті болу ықтималдығын табыңдар

Шешуі: H_1 – екі қораптан 2 ақ шар, H_2 – 1 ақ, 1 қызыл шар, H_3 – 2 қызыл шар алынып тасталсын. A – үшінші қораптан алынған шар ақ түсті екенін білдірсін.

Толық ықтималдық формуласын қолданайық.

$$P(H_1) = \frac{1}{10} \cdot \frac{5}{6} = \frac{1}{12}; P(H_2) = \frac{1}{10} \cdot \frac{1}{6} + \frac{9}{10} \cdot \frac{5}{6} = \frac{23}{30}; P(H_3) = \frac{9}{10} \cdot \frac{1}{6} = \frac{3}{20};$$

$$P_{H_1}(A) = \frac{4}{14} = \frac{2}{7}; P_{H_2}(A) = \frac{5}{14}; P_{H_3}(A) = \frac{3}{7};$$

$$P(A) = \frac{1}{12} \cdot \frac{2}{7} + \frac{23}{30} \cdot \frac{5}{14} + \frac{3}{20} \cdot \frac{3}{7} = \frac{38}{105}.$$

Жауабы: $\frac{38}{105}$.

Ықтималдықтар теориясы – бұл оқушыларға логиканы практикада үйретуге мүмкіндік беретін математиканың бір саласы. Теориялық фактілерді игеру барысында оқушылардың логикалық пайымдау дағдыларын, абстракциялау қабілеттерін дамыту мәселесі шешіледі, нақты жағдайда маңызды емес бөлшектерден алшақтап, мәселенің мәнін бөліп көрсетеді. Ықтималдықтар теориясын зерттей отырып, студенттер қарастырылып отырған мәселені талдау, жалпылау, мәселені шешудің жолдарын табу дағдыларын игереді. Мұның бәрі оқушылардың ойлауын қалыптастырады және олардың сөйлеуін, әсіресе тәртіп, айқындық, негізділік сияқты ой білдіру қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Ықтималдықтар теориясын зерттеу әр оқушыдан көп күш пен көп уақытты қажет етеді. Бұл ретте алынған оқу еңбегінің дағдылары мектеп түлектеріне алдағы өмір жолында еңбектің басқа түрлерін орындау дағдыларын тиімді меңгеруге мүмкіндік береді және кез келген жұмысты жақсы орындау үшін жауапкершілікті қажет ететіндігін тиісті түсінікпен білдіреді. Ықтималдықтар теориясын зерттеу оқушылардың байқағыштығын, зейіні мен табандылығын дамытуға ықпал етеді. Мұның бәрі олардың мінезін қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Әбілқасымова А.Е. Математиканы оқытудың теориясы мен әдістемесі.

Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2014. – 224 б.

2 Әбілқасымова А.Е, Тұяқов Е.А. Жалпы білім беретін мектепте математикалық есептерді шығаруды оқытудың әдістемелік негіздері. Оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 2019. – 340 б.

3 Қаңлыбаев Қ.И. Математиканы оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Дәуір, 2013. – 368 б.

ӨНЕРТАНУ САЛАЛАРЫ
ОТРАСЛИ ИСКУССТВОВЕДЕНИЯ
BRANCHES OF ART CRITICISM

SRSTI 18.91

THE ROLE OF NATIONAL IDENTITY OF YOUTH IN THE CONTEXT OF GLOBALIZATION

M. Zeinesh

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana

The modern globalization of society in all spheres affects the system of national values. New, unexpected conditions of value choice appear, in which a person seems to be «lost». In this rapid process, the value orientations, worldview and spiritual needs of young people naturally change.

Today's rapid pace of social life requires mobility, creativity and dynamism from young people. It is influenced by national and supranational, local and foreign, traditional and new. All this is facilitated by the media and the Internet, advertising, various modern communication systems. In this regard, there is a problem of youth's readiness to perceive new results and consequences of modern life and to preserve their national and spiritual identity. Taking into account some features of her consciousness, youth, not developed character, relative unstable psychology, insufficient life experience, her desire to be everywhere and now, pragmatism, desire to get results right away, etc., we understand the importance of solving the above-mentioned problem.

The development of a mechanism for national self-defense against the negative consequences of globalization, as it seems to us, plays an important role in the transformation of the values of young people. National value consciousness can serve as a way of such protection. On the one hand, globalization leads to the universalization of the socio-cultural life of different nations, dictates the same requirements for their development. On the other hand, these processes strengthen the desire for national identity, traditionalism and a return to national origins and values.

An important factor of national identity is national culture. It is necessary that it does not deny other national cultures and values, but respects another culture. The national identity of young people can develop and preserve their individuality only on the basis of analogy with others, studying and, if necessary, using elements of advanced culture.

Key words: Role, national, youth, globalization, value.

It should be noted that the identification of national culture is carried out through intercultural relations and intercultural dialogue. In the process of such a dialogue, the national culture develops and there is an opportunity for self-

knowledge, self-assessment, reassessment and comparison of oneself with others. Such a dialogue helps to critically evaluate the conservative and dogmatic elements of their culture. In the process of dialogue, the ability of the national culture to find answers to the questions posed and meet their requirements, to conduct a dialogue develops [1, 98]. Its base for such a dialogue is expanding. It is about understanding the other «I» as «I», giving him the opportunity to tell us something and be able to listen to him, be ready to listen and understand him. Such a dialogue determines the vitality of the national culture. In the conditions of globalization of culture and transformation of values, national culture can develop due to the appearance of elements of another culture in it [2, 88]. The essence of such a culture is, of course, richer than a monotonous culture. The global culture that is free from artificial violence is progressive, since it is a system consisting of elements of different national cultures [3, 45].

A culture that wants to isolate itself from the influence of other cultures cannot join the world integration. National culture should change under the influence of the advanced culture of other nations, adopt progressive ideas. Otherwise, it may lose the ability to develop, lagging behind the progressive advanced culture, from all the positive things that globalization brings with it. «We can say that real society is reproduced due to the tolerance of its citizens, but development still requires dialogue. In other words, tolerance is a condition for peaceful coexistence, dialogue is a condition and a requirement for development». Tolerance and pragmatism of traditionalism are important in solving problems related to national culture and interethnic relations. Excessive conservatism and dogmatism in this case will hinder the development of national culture [4, 54].

In the system of national culture, there are always elements of spiritual and cultural values that act as a filter. They are passed down from generation to generation and thus create continuity between them. On the basis of such continuity, a certain archetype is gradually formed in the national consciousness and subconsciousness, which becomes the code of national culture. This code plays the role of a reference in the process of cognition of the objective world. Such standards protect national consciousness from the negative influence of global culture [5,76].

Globalization implies openness and tolerance. But such phenomena can sometimes lead to instability. For this reason, excessive openness and tolerance towards other national culture and global culture in general is dangerous for local culture [6, 105]. Tolerance in this regard can negatively affect the originality, stability and uniqueness of the national culture. So, for national identification and preservation of one's mentality, tolerance, as well as openness, must have certain boundaries. In this regard, a problem arises: the national value consciousness should perceive everything progressive, but at the same time it should be able to protect itself from the negative aspects of someone else's influence. Otherwise, it may be drawn into the unification process, which will affect the ethnostatus of the nation as a whole [7,76].

The task is to preserve one's cultural identity on the basis of national identity and at the same time master all the advanced world culture. Only by combining traditions with progressive innovation, it is possible to protect the national from the

negative aspects of the global. In other words, a path of modernization on its own historical basis is needed. National culture, by preserving its identity, can turn into an element of world culture [8, 103].

The world system of culture and civilization consists of the synthesis of different national cultures and acts as a single, based on different. In this sense, the quintessence of culture can occur. An example of this is the spread of Islamic culture on the territory of our country. Gradually, the national consciousness began to reflect the ideas of Islam, now ethnic identification went through Islamic culture. The Islamic culture itself was also influenced by local culture, customs, traditions and morals, absorbed the local cultural potential. A religious and ethnic cultural layer was formed, which later became the basis of the Eastern Renaissance [9, 87].

On the basis of their views and teachings, the culture and philosophy of Islam developed even more. So, on the one hand, in the 11th-11th centuries, the Arabs developed literature, language, creativity, philosophy, law, on the other hand, the ancient culture of the peoples captured by the Arabs influenced the Arab culture. Many cultural centers have appeared. In particular, the great scientists of the Muslim civilization Firdousi, Avicenna, Biruni, Farabi, etc. worked at the Mamun Academy. Thanks to their activities, the scientific and philosophical teachings of the ancient Greeks spread [10, 43].

At the heart of national culture is a certain national creative force, which is formed on the basis of national values, traditions, psychology and lifestyle. She will always strive to preserve the peculiarities of the national. Thanks to this power, the national and all that defines it are constantly preserved and reproduced. This force is the main factor in the preservation of the nation [11, 103]. Elements of such a creative force will always be present in the national consciousness, and will be passed on to the next generations.

From this it can be concluded that globalization changes the national way of life, culture and traditions of the nation, brings with it a transformation of values. But the national consciousness will resist the negative consequences of this process. National consciousness is, first of all, conscious consciousness. It is at the same time a national self-esteem [12, 143]. For this reason, it is stable. As you know, any stable phenomenon is capable of self-defense. This means that the national is constantly being revived and reproduced on the basis of its own potential [13, 56].

At a time when Western Westernization denies the peculiarities, mentality and national culture of other societies and underestimates their essence, Japan, China, Malaysia, Singapore, Thailand is achieving high socio-economic success. They, while preserving their national characteristics, spirituality, introduce advanced science and technology into their social life and lifestyle. This means that modernization based on traditionalism can serve as a way to protect the national in traditional societies in the context of globalization [14,74].

Globalization is a progressive phenomenon. Our country, as a democratic and secular country, cannot stay away from this objective process.

For Our country, the way to join this process and protect the consciousness of young people from its negative consequences is to ensure respect for another culture,

preserve their stable national-cultural spiritual and value foundations, and also protect their interests. Such a way of existence in the conditions of globalization will contribute to the preservation of one's national identity, cultural core, hence the national essence and spiritual integrity of members of society and especially young people [15, 104].

In modern conditions, it is expedient for our country to democratize and modernize society in accordance with traditional culture, spirituality and national, universal values. The transformation of the values of youth, based on the above-mentioned principles, will serve the progress of society.

References

- 1 Gadamer H. Truth and Method. – М.: Nauka, 2018.
- 2 Ratz M. Dialogue in the modern world. Questions of philosophy. 2014, №10.
- 3 Minyushev F.I. Social Anthropology. – Moscow: International University of Business and Management. Brothers Karich, 2017.
- 4 Зубок Ю.А. Проблема риска в социологии молодежи. – М., 2017.
- 5 Джеймс У. Психология личности. Тексты. – М., 2018.
- 6 Политическая активность молодежи: Результаты социологического исследования. – М.: МАКС Пресс, 2019.
- 7 Социальный потенциал молодежи / Под ред. Смакотиной Н.Л. – М.: МАКС Пресс, 2019.
- 8 Триандис Гарри С. Культура и социальное поведение. – М.: ФОРУМ, 2017.
- 9 Философия. Высшее образование / Кириленко Г.Г., Шевцов Е.В. – М.: Филол. «Слово»: ООО «Изд-во «Эксмо», 2019.
- 10 Ювенология в XXI веке: комплексное междисциплинарное знание о молодом поколении / Под ред. Е.Г. Слущкого и В.В. Журавлева. – СПб.: ООО ИД «Петрополис», 2017.
- 11 Ядов В.А. Саморегуляция и прогнозирование социального поведения личности. – М., 2019.
- 12 Tomlinson J. 2018. Globalization and Cultural Identity, The global transformations reader. – P. 269-277.
- 13 Lieber R.J., Weisberg R.E. 2015. Globalization, Culture, and Identities in Crisis, International Journal of Politics, Culture, and Society, Volume 16, Issue 2. – P. 273-296.
- 14 Giddens E. Stratification and class structure // Sociological studies. 2012. № 11. – P. 107-120.
- 15 Troeltsch E. Historicism and its problems. – М., 2014.

**ТЕХНИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ
ТЕХНОЛОГИЯЛАР**

**ТЕХНИЧЕСКИЕ НАУКИ И ОТРАСЛЬ
ТЕХНОЛОГИИ**

**TECHNICAL SCIENCES AND TECHNOLOGIES
OF THE INDUSTRY**

ҒТАМР 20.01.07

БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА РОБОТОТЕХНИКАНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ МЕН ДАМУ ЖАҒДАЙЫ

М. Серік

П.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

С. Нурғалиева

PhD-докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана қ.

Мақалада білім берудегі робототехниканың даму тарихы көрсетіліп, зерттеуші ғалымдардың еңбектерімен дәлелденіп, түсіндірілген. Әлемдік журналдарға шолу жасау негізінде дүние жүзінде білім беру саласындағы робототехниканың даму жағдайы баяндалған. Зерттеу жұмысы Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарында робототехниканы оқытудың білім беру бағдарламаларына жасалған талдаудың нәтижесі негізінде көрсетілген. Талдау информатика мұғалімдерін даярлау мамандықтарының бағдарламалары негізінде жасалды. Сонымен қатар робототехниканы жобалық оқыту әдістерінің ерекшеліктері, білім алушылардың ойлау қабілеттерін дамытуға және шығармашылық қажеттіліктерін арттыруға бағытталған ойлар қарастырылған. Еліміздегі робототехниканы оқытудың оң өзгерістері, әлемдік олимпиадалар жарысының нәтижелері баяндалады. Зерттеудің нәтижелерінде педагогтардың бәсекеге төзімді маман даярлауда пәннің мазмұнына белсенді оқыту, саралау әдістерін, жобалық оқыту, тәжірибеге бағыттап оқыту қарастырылады.

Түйін сөздер: білім берудегі робототехника, жобалық оқыту, білім беру бағдарламалары, Lego Mindstorms EV3, Arduino.

Қазіргі заманауи инновациялық қоғамда білім берудегі робототехника өте маңызды орын алады. Бір жағынан, отандық білім беруде робототехникаға оқытуды дамыту қазіргі ақпараттық қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталса, екінші жағынан жас ұрпақтың назарын инженерлік мамандықтарды дамытуға, яғни қоғамдағы жаһандық өзгерістерге бағытталған ұлттық бастама білім беруде робототехниканың дамуына ықпал етеді.

Қазіргі таңда робототехника балабақшадан бастап, орта мектеп, бакалавриат пен магистратураға дейінгі негізгі оқу құралына, оларды оқытудың ғылыми-әдістемелік тақырыбына айналды. Елімізде робототехника саласының енгізілуінің бастамасы Н.Ә. Назарбаевтың Жолдауларындағы қоғамның алға


өрлеуі, дамыған 30 елдің қатарына қосылуы үшін ғылым мен білімнің әлемдік стандартқа сәйкес дамуының қажеттілігін атап өткеннен басталды [1].

Әлемдік деңгейде білім беруде робототехниканың даму тарихына үңілетін болсақ, роботтарды білім беруде ең алғаш қолданушылардың бірі – С.Паперт болған. С.Паперт 1980 жылдағы жасы кіші балалардың компьютерде робот тәріздес объектіге LOGO бағдарламалау коды арқылы есептерді шығара алатынын айқындады. Кейіннен білім берудегі робототехника оқушылардың бағдарламалау дағдыларын дамытуға басқа, шығармашылық, креативті дағдыларын жас кезден бастап дамытуға болатынын айқындап, MIT Media Lab зерттеу зертханасымен бірігіп, LEGO MINDSTORM зертханасының алғашқы топтамасын шығарды [2]. 1993 жылдары оқытудың дәстүрлі стилінен өзгеше «конструктивизм» деп атайтын тәсілін ұсынды. Бұл тәсілде оқушылардың жобалау және өз роботтарын құрастыруды үйрету жайында айтылған. Сонымен қатар, физика және математика пәндерін оқытудың пайдалы құралы ретінде дәлелденді. Робототехниканы білім беруде инженерлік, техникалық емес мамандардың қолдануы «роботтық революция» – деп аталды [3].

